Сегодня на первый план выходят компетенции будущего журналиста, которые можно разделить на формируемые и развиваемые. Те и другие очень важны для будущей профессиональной деятельности. Под компетенцией мы понимаем личностные способности специалиста решать определённый класс профессиональных задач. В редакциях СМИ зачастую прописываются наборы ключевых компетенций для сотрудников, которые состоят из десятка признаков (определённых знаний, установленных умений, обусловленных работой в данной редакции навыков, а также способностей, личностных характеристик) и служат основой для принятия решения при назначении на должность, а также отказе в этом или планировании карьеры сотрудника. В данной таблице приведены соответствия между способами обучения и группой формируемых компетенций [4].

Таблица. Способы формирования компетенций

Способы учения	Стратегия деятельности преподавателя	Формируем ые	Компетенции Развиваемы е
Усвоение	информацио нная	когнитивны е	социальные
Осмысле ние	проблемная	личного развития	когнитивны е
Пережив ания	эмоциональ ная	организатор ские	личного развития
Деятельн ость	оперативная	социальные	организатор ские

Содержание проектирования процесса развития и формирования коммуникационных способностей журналиста состоит в том, чтобы строить образование на основе обучения методам создания и изложения информации, передачи ее по каналам коммуникации, методам саморазвития коммуникационных способностей. Это система творческой деятельности, основанная на процессах самопознания и самообучения как целенаправленного и критического поиска информации, самоуправления и самоорганизации.

Исследователь Иван Засурский, советник ректора СПбГУ и завкафедрой новых медиа и теории коммуникации факультета журналистики МГУ, подчеркивает, что есть базовые навыки. А есть важные, более

современные – «способность пользоваться массивом данных, поисковыми системами, источниками, понимать механизм функционирования современных платформ, знать, чем фейсбук отличается от LinkedIn, а вместе они от «одноклассников» и вконтакте, и чем они не похожи на современные издания вроде Хабра, Лепры. Это и есть новая медийная индустрия» [5].

На факультете журналистики КазНУ им. Аль-Фараби определены сущности коммуникационных способностей журналиста как базового качества профессиональной компетентности, содержание информационно-коммуникационной модели способностей основано на принципах самопознания и самообучения как целенаправленного и критического поиска информации, определены содержание, состав и структура информационно-коммуникационной профиограммы журналиста, а также определены и выявлены педагогические условия, способствующие эффективности формирования и развития коммуникационных способностей журналиста как базового качества профессиональной компетентности.

1 Лосев А. Ф. Проблема символа и реалистическое искусство / А. Ф. Лосев. – М., 1976. – С. 194.

2 Усманова Л.Р. Формирование и развитие коммуникационных способностей журналиста в новых информационных условиях. – Казань, 1999 // <http://www.dissercat.com/content/formirovanie-i-razvitiie-kommunikatsionnykh-sposobnostei-zhurnalista-v-novykh-informatsionnykh#ixzz3stk30zmF>

3 Калмыков А. Что такое профессиональный журналист и как его готовить// <http://www.relga.ru/Environ/WebObjects/tgu-www.woa/wa/Main?textid=555&level1=main&level2=articles>

4 <http://www.panor.ru/list/uchsovet201304/nvbvhf/assets/basic-html/page27.html>

5 Журналистика? Нужна. Но другая // Интервью с Иваном Засурским (МГУ)// http://journ.5uglov.ru/kontekst/zhurnalistika_nuzhna_no_drugaya

ҚАЗҰУ ИМИДЖІНЕ САЙ БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ

Клара Қабылғазина,

«Баспасөз және электронды

БАҚ «кафедрасының профессоры

Еуропалық білім беру үрдісінің талаптары бойынша оқу орындарын әлемдік деңгейге шығару Елбасы Н.Назарбаевтың алға қойып отырған міндеттерінде және үкімет бағдарламаларында көрініс табуда. Бұл жолда алынған, қол жеткен межелер де баршылық. Оған халықаралық рейтингтік «Quacquarelli Symonds (QS)» компаниясының мәліметтері бойынша әлем университеттерінің ішінде әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 236 орынға жетуі дәлел. Ұлыбританияның Кэмбридж университеті 1-орынды

иеленсе, алғашқы жүздікке ТМД мемлекеттерінен М.В. Ломоносов атындағы ММУ еніп, одан кейінгі нәтижеге ие болған осы ҚазҰУ . Бағалау параметрлерін жүргізіп отырған мекемелердің талаптары бойынша ғылыми зерттеулер 30%, ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау 32,5%, инновациялар 2,5%, шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлестік мөлшері 5% болуы керек. Яғни, бұл жерде бағалау критерийлерінің 70%-ы ғылыммен байланысты болып отыр. Бұл болашақта негізгі беделді оқу орындары тек мамандықты оқытып қана қоймай, ғылыми жетілуді көздеуі қажет деген сөз. ҚазҰУ-дың ғылыми –зерттеу университеті болып бағытталуының өзі осының айғағы. Жоғары оқу орнын әлемдік деңгейге шығаратын талаптар - ғылыми жаңалықтар ашқан ғалымдар еңбектері, ғылыми жобаларды шәкірттер мен ғалымдардың бірігіп жүргізуі, ғылыми мектептердің ашылуы, ғылыми жобаларды қаржыландыру мәселесі, студенттер, магистранттар, жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарымен республикада және шетелде танымал болуы т.б. көрсеткіштер . Осы орайда Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деген болатын. Яғни, неғұрлым сапалы білім берілсе, соғұрлым адами капиталдың берері өнімді, жемісті болмақ. Батыстық әлеуметтанушы ғалым А.Смиттің пікірінше, оқумен үйренген еңбек адамның сол оқуға кеткен шығындарын бірнеше есе қайтарады және қарапайым еңбекке қарағанда үстеме табыс әкеледі. Ал Д.Рикардо деген ғалым алдыңғы ғалымның көзқарастарын дамытты. Ол елдің экономикалық дамуындағы артта қалушылық «халықтың барлық топтарындағы білімнің жетіспеуінде» деп есептейді, әрине, бұл жерде басқа да толып жатқан себептер бар.

Көріп жүргеніміздей еуропалық білім жүйесінде – мемлекет тарапынан тегін білім алу басым. Терең тарихи тамырлары бар университеттерде сол елдің тілін үйрету үшін алғашқы жылы дайындық курстарына қабылданатын шәкірттер ақылы түрде оқиды. Сонан кейінгі негізгі білім тегін беріледі. Европада болған кездерімізде жоғары мектеп қызметкерлері болғандықтан еуропалық білім беру жүйесіне қызығушылық танытқанымыз орынды да еді. Сонан соң білімге ынталы, талантты, дарынды жастар қабылданады. Президенттің Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» деп аталатын жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен, оның ішінде патриоттықпен айқындалатынын» ерекше атап көрсетеді. Болашаққа дамумен қадам басу тек ғылымның өркендеуіне байланысты, ал ғылымды жасайтындар - білімді ұрпақ. Сондықтан, ғылыми потенциалы жоғары студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту, үздік жобаларға қаржылық көмек көрсету, олардың әлемдік стандарттарға сай қорғалуы, студенттер мен магистранттардың ғалымдармен тікелей жұмыс жасауына барлық жағдай жасау сияқты жайларға көмек көрсетілу қажет. Яғни, талапкерлерді оқуға қабылдау кезінде ғылымға бейімділігіне көңіл аударған жөн.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім беру міндеттерінің бірі-азаматтыққа,

адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, елжандылыққа, өз Отанын сүюге тәрбиелеу» деп көрсетіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің съездері материалдарында білім берумен қатар адамгершілік құндылықтарды нығайтуға ерекше назар аударылды, патриотизм мен интернационализм негізінде білім алушыларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін енгізу қажеттігі баса айтылды. Елдік білім жүйесі ұлттық құндылықтарға негізделіп, ұлттық идеяларға бағытталуы тиіс. Білімгерлерге берілетін білім мен тәрбие ұлттық педагогикамен, тарихи, мәдени мұралармен, ғұламалардың ой толғауларымен, таза мәдени-рухани құндылықтармен байытылған болуы қажет. Осы ретте ұлттық мұраларға баса назар аударылуы тиіс. Экономикалық және қоғамдық тұрақты даму жолына түскен, дамыған елдердің тәжірибелері осындай жолмен өрлегенін оқып, естіп, біліп жүрміз.

Адам капиталы құнының артуы - ол адам құқығын сыйлауға, адамдардың жақсы тұрмыста өмір сүруіне, мемлекет саясатын тиімді басқаруға, ұлттық мәдениетті және салт-дәстүрді, құндылықтарды сақтауға тікелей байланысты. Әлемдегі ең қуатты мемлекеттердің бірі Америка Құрама Штаттарының Конгресінде «Білім мекемелерінде берілетін білімнің тым таяз, үстірт болуының салдарынан сауатсыз ұрпақ пайда болады, бұл мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін факторларға айналады, ол мемлекет үшін қауіпті, «ұлтымыз қатерлі жағдайда» деп жариялауының үлкен мәні бар екенін біздің де ескергеніміз жөн. Өйткені, білім ордаларында ақылы оқытудың біздің қоғам өміріне де мықтап енуі білімсіз ұрпақтың молаюына әкелуі мүмкін. Сондықтан ақылы түрде оқитындардан да сапалы білім талап етілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауында бұл мәселені де айтқан болатын: «Қазақстандық ЖОО міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, ал жетекші ЖОО дипломдары әлемде танылуы тиіс. Олар мұны жасауға міндетті. Біз әрбір қазақстандыққа жоғары білім алудың нақты мүмкіндігін беруіміз керек», - деген нұсқауы орынды, алайда оны қаражаттың емес білімнің мықтылығымен жасағанда ғана кең масштабта танылуға болады. Сондықтан озық елдердегідей білімді бағалау саясаты да өзгеріп, кредиттік технология енгізілді. Еуропада білім жүйесін реформалау өте ерте жолға қойылған. ЮНЕСКО конференциясының шешімі бойынша 1963 ж. халықараралық білім беруді жоспарлау институты Францияда құрылған еді. 1966 жылдан бастап мұнда осы ұйымға мүше мемлекеттердегі Жоғарғы білім мәселелері жөнінде кеңес өтіп тұрады. 1967 ж. Венада Жоғарғы білімді демократияландыру жөнінде Еуропа елдерінің конференциясы өткен. Кейіннен Италиядағы Болонья процесіне қатысушылар әлемдік білім жүйесінің дамуына қатысты мәселелер көтеріп, ынтымақтастыққа шақырды. Осы шараға ҚазҰУ да қатысып, үлкен қадамдарға бетбұрыс жасаған болатын. Еуропалық стандарттарға толықтай көшіп, үлкен міндеттерді жүзеге асырып, қазір елдік білім жүйесінде көш

бастап отыр. Талап етілген критерийлер деңгейінен көріну үшін көптеген істер тындырылуда. Сол талаптардың бір үдесі оқу орнында ғылым кандидаттары мен ғылым докторларының саны көбірек болса, ол жоғары оқу орны жоғары категориялы болып саналады. Осы критерий жағынан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті елімізде алда тұр. Әлемнің маңдай алды университеттерімен ҚазҰУ-ды салыстыра отырып, көз жеткізген жайлар мынадай: Ең бірінші ерекшелігі, оқудың қол жетімділігі. Екінші, жатақханамен қамтамасыз ету. Болашақта ҚазҰУ өзіндік әлемдік имиджін қалыптастыру үшін студенттер мен оқытушыларға бар әлеуметтік мүмкіндікті жасауы керек. Үшінші, оқытушылардың біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыру керек. Төртінші, кітапхана және кітап қоры. Ғылыми кітапхана – студенттер мен магистранттар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қосымша оқытушы персоналдарға арналған мәдени және рухани орталық болып табылады. Ғылыми кітапхана қорында оқулықтар, монографиялар, классикалық көркем әдебиеттер, сирек кітаптар мен 16-19 ғасырлардағы қолжазбалар, 250 мың данадан астам мерзімді басылымдар жинақталған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы – бүгінгі таңда Қазақстандағы ең көне әрі ҚР бойынша ең ірі жоғары оқу орындары кітапханаларының бірі болып табылады.

Қорыта келгенде, адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, творчестволық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру сияқты құндылықтар біліммен, педагогикалық тәсілмен қатар жүргенде оқу ордасының әлемдік беделі айқындала түсетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында». Астана, 2005, 18б.;
2. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа кезең-жаңа экономика»;
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі / ҚР-ның 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы / Қазақстан жоғары мектебі, №1, 2004, 5-19б.;
4. Мухамаджанова А.Г. Человеческий капитал Казакстана: формирование, состояние, использование. Алматы, Ғылым, 2001, 276с.;
5. Нурмагамбетов Н.А. Образовательная политика РК в контексте трансформации высшего образования. Алматы, Қазақ Университеті, 2002, 118с.;
6. Дәулиева Ғ.Р. Білім беру рыногының ұдайы өндірістік үлгісі: даму факторлары. Экономика ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты, Алматы, 2003ж.;
7. Қазақстан жоғары мектебі // Болонский процесс. №1, 2004г.;

8. Левент К. Қазақстанның жоғары оқу жүйесінде қажетті реформалар: шетел тәжірибесінен пайдалану. АльПари, №2, 2003ж.;

9. Интернет сайты (<http://www.unesco/>);

10. Современное состояние высшего образования в Республике Казахстан// Вестник высшей школы- А., 2005.-С.92.

11.<http://www.edu.gov>.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ WEB-СЕРВИСТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Комекова С. О.

педагогика ғылымының магистрі, «Өрлеу» ҰБАО АҚ филиалы,
ҚР ББЖ ҚБАРИ «Педагогика және инклюзивті білім беру»
кафедрасының аға оқытушысы,
екінші (негізгі) деңгей бойынша сертификатталған тренер

Нарсеитова Ф.С

педагогика ғылымының магистрі, «Өрлеу» ҰБАО АҚ филиалы,
ҚР ББЖ ҚБАРИ «Тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру»
кафедрасының аға оқытушысы
екінші (негізгі) деңгей бойынша сертификатталған тренер

I. МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МОДЕЛІ

Жаңа жобалы-құзырлы білім моделіне өту жағдайында мектепті тиімді басқару мәселелері ерекше маңызды болып табылады. Осыған байланысты басқару жүйесінің (БЖ) моделін әзірлеу, педагогикалық қызмет мақсатымен теңбе-тең түсетіндіктен және мәселелердің тиімді шешімін қамтамасыз ететіндіктен, осы мақсаттағы жетістікке қарсы әрекет ететіндіктен өзекті болып табылады.

Облыстардан келген мектеп директорының орынбасарларынан алынған сауалнама нәтижесінде жалпы білім беретін орта мектептердің әкімшілік-басқару аппараты жұмыстарының сараптамасы мен ғылыми көздерін зерделеу барысында мектепшілік басқарудағы кеңінен таралған төмендегідей мәселелерді атап көрсетті:

✿ біріншіден: басшылардың басқару қызметіндегі кәсіби дайын еместігі;

✿ екіншіден: басқарудың келешегі мен нәтиже бағытының жоқтығы;

✿ үшіншіден: тұтастай келешекті нәтиже мен жоспарлау өзара байланыспайтын өзіндік іс-шараларды ұсынатыны;

✿ төртіншіден: көпшілік пен мұғалімдерді басқару үрдісіне қызықтыратын қызмет пен басшылар тарапынан өзіндік басшылық жүйесін құруға талпыныстың жоқтығы;

* бесіншіден: әкімшіліктің қызметі – мәселелердің алдын алумен емес, керісінше, күнделікті мәселелерді шешумен ғана шектелетінін көрсетті.

Біздің түсінігімізше мектепшілік басқару жүйесі – педагогикалық жүйенің (ПЖ) бір саласы және әртүрлі деңгейлі басшылардың өзара бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыратын құрылым, әдістемелік жүйенің іс-әрекетін қамтамасыз ететін және дамытатын бағыт, оқыту технологиясы мен педагогикалық қызмет арқылы БЖ-ны құратын, қарым-қатынас пен басқарудың әдіс-тәсілі болып табылады. Басқару ұйымдастыру мен басқару жүйесінің үйлесімділігін, әдістемелік жүйесі моделінің келісімін, оқыту технологиясы және басқару жүйесінің моделін қамтамасыз етуі тиіс. БЖ моделдеуде білім беру ұйымдарының өзгешеліктері мен БЖ-да қолданыс табатын күтілетін маңызды ерекшеліктеріне, ішкі және сыртқы әлеуметтік ортаға байланысты қайшылықтарды талдауға бағытталуы тиіс.

Тәжірибелік-эксперименттік және ғылыми-зерттеу қызметінің ғылыми көздерін зерделеуде бізге БЖ дамытудың негізгі шарттары мәлім болды.

Бірінші шарты - білім беру жүйесіндегі басшы кадрларды оқыту болып табылады. Жалпы білім беретін орта мектептерінің әкімшілік - басқару құрамы қызметін талдап, зерделегенімізде, басқарудың басымдылығы тек бұрынғы тәжірибе негізінде, яғни, тікелей танып - білу мен нұсқаулық негізінің құрғақ үлгісінде ғана құрылатындығы айқындалды. Мұндай басқару келеңсіз жайттарға апарып соғады. Қазіргі заманғы білім жүйесін басқару кәсіби басқарушылықты талап етеді, себебі, мектеп басшыларын оқыту магистратура мен педагогикалық ЖОО-ң арнайы факультеттері арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық жүйе (ПЖ) құрамының өзара байланыса дамуындағы барлық бағыттылығы басқару жүйесі моделінің тиімділігі **екінші шарты** болып табылады, егерде олардың бірінің өзгерістері (мысалы, білім мазмұны) басқадай өзгерістерімен (мысалы, ұйымдастыру түрі, әдіс, тәсілдері) және басқару шешімімен теңбе-тең қатар жүретін болса. Мектептің ПЖ-н қайта құру әкімшілік құрамының білім беру деңгейіндегі іс-әрекеттің тиянақтылығын, жүйелілігін, кешенділігі мен мақсаттылығын болжайтындықтан, білім сапасын басқару тиімділігін қамтамасыз ету мүмкін емес, дегенмен, тәжірибе барысы мұндай шарттардың сақтала бермейтінін көрсетті.

Басқару жүйесі (БЖ) моделін жобалаудағы **үшінші шарты** педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндетін анықтау қажет. Анықталған мақсатты әртүрлі көздерін талдауды, салыстыру мен қызметтің тамаша нәтижесін көрсететін мақсатын ұсынуды дұрыс деп есептейміз. Осы жағдайда педагогикалық қызметтің мақсаты - бұл мектеп бітіруші түлектің шынайы бейнесі, оқыту мен тәрбиелеу және оқушыны дамыту - мұғалім еңбегінің ең басты нәтижесі. Ал, қалған мақсаттар (жағдай жасау, ұйымдастыру қызметі және т.б.) - бұл лауазым сатысының көмекші мақсаттары.

Басқару жүйесі моделдеудің **төртінші шарты** педагогикалық мақсат пен педагогикалық міндеттерге сүйенетін басқарудың басты мақсаты мен міндетін белгілеу болып табылады. Басқарудың мақсаты мен

міндетін қалыптастыра отыра, біз “Педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндетін жүзеге асыруда не істеу керек?” - деген сұраққа жауап беруіміз керек.

Біздің мектепті басқарудағы көпжылдық еңбегіміз көрсеткендей, басқару жүйесінің мақсаты ойлары мен пікірі бір жерде тоғысар кәсіп иелерінің ұжымын құрумен қорытындыланады. Басшының басты назары, педагогикалық қызметтің басқарылуына, Педагогикалық үрдіске қатысушылардың қарым-қатынасына, оларды ортақ мақсатқа біріктіруге, табыстарға ұмтылуына бағытталуы тиіс.

Басқарудың басты міндетін анықтай отыра, жекелеген мұғалімдер мен педагогикалық ұжымның нысанасыз жиналысқа айналдыруда нені қамтамасыз ететінін шешу керек. Мектепті басқару жүйесі педагогикалық ұжымының қызметімен, педагогикалық қарым-қатынаспен, педагогикалық жүйе нысаналарының даму үрдісіндегі келесі төмендегідей міндеттерді орындаумен тиімді болып табылады:

1. Мәліметті - қаржылық, интеллектуалдық қорды құру және тарату (даму жоспарын нақтылау мен құрастыру, басымдылық танытатын түбегейлі міндеттерді шешудің тәсілі мен интеллектуалдық мүмкіндігінің нақты бағыты).

2. Мұғалімдердің ұжымы үшін, оқушылар мен ата-аналардың ақпараттық кеңістігін құру. Бұл жердегі маңызды жәйт әрбір білім беру ұйымдарында болуға тиісті норматив негізін әзірлеу (әрине, жоғары тұрған органдардың нормативті құжаттары негізінде) және құқықтық, адамгершілік пен мәдени нормаларын жүргізу болып табылады.

3. Басқарудың әр деңгейінде сенімді және қазіргі кері байланыстың жүйесін құру (директор - педкеңес - ата-аналар - конвент (айрықша заң шығарушы өкілеттігі бар сайланатын органдар), директорлар орынбасарлары және қызметтік сенімді өкілдер; кафедра басшылары мен шығармашылық топтар; мұғалімдер, сынып жетекшілері және т.б.).

4. Қызметкерлерді оқыту. Курс аясында тыңдаушылардан ЖББО мектептерінің әкімшілік - басқару адамдарының қызметін зерделеу мен бағалауда (соның ішінде жеке мектептердің) дәделденгендей, басшылар өздеріне бұл міндеттерді көкейтесті мәселе деп есептемейді. Сауалнама жүргізілген мектеп директорларының орынбасарлары (сауалнамада жауап алғандардың көрсеткіштер көрсетілетін болса оның ішінде 67% пайызы, егерде сауалнама жасырын жүргізілген болса 87%-пайызы) тәжірибелілер мен өздерін жағымды жақтарымен көрсете білетін мұғалімдерді, жастар мен тәжірибесі аздарды оқытумен айналысатындарды қабылдағанды ұнатады.

Педагогикалық жүйедегі басқаруды дамытудағы біздің тәжірибеміз дәлелдегендей, мұғалімдерді қайта даярлау курстарын бақылап, реттеп қана қоймай, сонымен қатар Педагогикалық жүйенің ішкі қызметкерлерін оқытуда жүйелі, мақсатты жұмыстар мен жеке жұмыстар, семинарлар, тренингтер, жүргізумен қатар өз бетімен білім алуын бақылап, ТЭЖ мен ҒЗЖ-на міндеттеп қатыстыру керек.

5. Белгісіздікті жою. Бұл міндет бұрын белгіленген міндеттерді түйіндейді. Тәжірибе көрсеткендей, жүйедегі *көптеген жаңылысулар* тапсырмаларды дұрыс орындамағандықтан туса, *жанжал* нұсқауды түсінбегендіктен, *ақпараттың бұрмалауынан*, *уақытылы кері байланыстың* болмауынан, ұсынылған педагогикалық қызметтің түрін *түсінбеу мен қабылдай алмауы* салдарынан және т.б. туады. Бұл міндеттің аясында алғашқы жоспарға түзету жүргізіледі, негізгі сұрақтарды шешіп, үнемі түзетіп, білімдік қызметтің нормативті тұғырын нақтылап отыру қажет.

Басқару мен педагогикалық міндеттерді жүзеге асыру – мәдени - білімдік ортаға, жағдайларға, көптеген барлық педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауы арқасында қалыптасатын қағидалар мен құнды бағдарларға байланысты. Мектептің жағдайы – аз зерттелген, өлшеуге де келмейтін құбылыс. Ол мектеп табалдырығынан-ақ, күзетшінің сәлемінен, оқушылар мен мұғалімдердің көзқарасы мен олардың көңіл-күйлерінен сезіледі. Егер мектептің жағдайы өте жоғары деңгейдегі алаңдаушылық пен қызбалық тудыратын болса, онда бірден сезесіз, керісінше, барлық педагогикалық үрдіске қатысушыларға қолайлы, жайлы болатын болса, сапалы ауа секілді сезбейсіз де.

Басқару мен менеджмент мәселелері жөніндегі өзіндік тәжірибеге сүйене отыра және әдебиеттерді сараптауда мақсатқа сәйкес деп қорытындылайтынымыз: педагогикалық қызметтің мақсатына жету жолындағы жетістіктер тек басқару міндеттерін шешумен ғана шектеліп қана қоймай, қағидалардың жиынтығын ұйымдастыратын педагогикалық қызметін, балалар мен ата-ана және мұғалімдердің қатынас жүйесін анықтайды.

Егер басқару басымдылық танытатын адамгершілік қағидаларға, ғылыми және табиғи үйлесімділік пен жүйелілікке негізделмесе, мектептің дамуы мен жұмыс істеуінің тиімді болуы мүмкін емес. Б.З.Мильнердің анықтауынша, осындай басымдылық танытатын қағидалар *«міндеттер құрылымы мен билікті құруда шешімін талап ететін басты сұрақтарды анықтайды. Олар нақты бекітілген ережелердің дәл жауаптары болып есептелмейді, тек басты сұрақтарды атап көрсетеді және басшының іс-әрекетіндегі басты бағытын айқындайды»* деді. [1, 36-39, 273-274 Б.]. Басымдылық танытатын қағидалармен қоса, басқарудың да кездейсоқтық, күтпеген жағдай танытатын қағидалары бар.

Ондай қағидаларға, біздің ойымызша, орталықтандыру мен дара басшылықты, өзін-өзі басқаруға көшу мен құқықтық өкілеттілік қағидаларын және басқару нормаларына шек қою қажеттілігін жатқызуға болады.

Басқару жүйесін тиімді модельдеудің келесі шарты еңбекті көлденең және тік бөлу болып табылады.

Білім беру ұйымы айтарлықтай күрделі ұйым болып табылатындықтан, көлденең бөлу – орынбасарлар өкілеттіліктері арасында және әдістемелік бірлестіктер немесе пәндік (кафедра) бөлімшелерінің білім есебінде *аттүсті* үлестіруі жолдарымен іске асырылады.

БЖ-ның құрылымы көлденең өкілеттікті анықтайтын лауазым сатысын белгілеуді талап етеді, яғни *«үйлестіру жұмысын тапсырмаларды тікелей*

орындаудан бөледі». Еңбекті осылай бөлу қажеттілігі, жұмыстың бәрінен жақсы орындай алатындарды анықтап бекітуін қамтамасыз етеді. Қызметтің жоғарыдан төмен қарай мақсатқа сәйкестілігін анықтау, педагогикалық жүйенің нәтижесі мен оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға байланысты болатынын ұмытпау қажет.

Білім беру ұйымында БЖ-сін нәтижелі модельдеудің басқадай бір шарты дәстүрлі де жаңаша жұмыс түрлерін жетілдіруге нық сеніммен қарау болып табылады. Басқару міндеттерін шешуде алқалық түрлер – соның ішінде педагогикалық, шағын және әдістемелік кеңестер, кеңестер, кеңесшілік, жас және алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибелі мұғалімдер мектебі, психологиялық-педагогикалық семинарлар, проблемалық топтар, диагностикалық топтар, педагогикалық шеберханалар, теориялық семинарлар маңызды рөл атқарады.

Басқару дамуы мен ПЖ қызметі әртүрлі әдістерді ұсынады (қызметтің, үрдістер мен нәтижелердің талдамасы; бірыңғай тәсілдерді жасап шығаруға арналған пікірталастарды талқылау; мақсатқа сәйкес болжау; тұжырымдамалық көрініс; өкілеттік топтар құру; күнтізбелік жоспарлау; дер кезінде оқыту; ұйымдастырылған қайта құру; жоба бойынша басқару; үрдістерді модельдеу, тәртіп пен іс- әрекеттер; теңеу мен салыстыру; өлшеу мен бағалау; сараптама; үрдісті түзету; мотивациялар жүйесін құру және т.б.). Сонымен қатар, өзіндік тәжірибені әзірлеу мен басқару модельдерін мақұлдап жинақтап қорыту, педагогикалық жүйенің біртұтас құрамды бөлігі ретінде, барлық белгіленген шарттардың орындалу қажеттілігі мен олардың кезеңділігін бірізділікті жүзеге асыру екендігін атап көрсетеміз.

Жоғарыда қарастырылған шарттарды бірізділікті жүзеге асыру басқаруды жүйеге келтіруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар әкімшілік басқару қызметкерлері құрамының әрекеті тек қана ағымдағы мәселелерді шешумен шектеліп қана қоймай, ұжымды нығайтып біріктіруге және оны педагогикалық қызметтің тиімділігіне қосуға бағытталады. Егер басқару жүйеге өзгеретін болса, онда оның қызметі жалпы сипат алады, егер басқарушылық білім беру жүйесіне (ББЖ) немесе оның қызмет ету шартына өзгеретін болса, онда педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара іс-қимыл жасауы мақсатты және кешенді түрде жүргізіледі. Бұндай жағдайда басқару қызметінің мазмұны, бірізділігі мен кезеңділігі ғылыми-негізделіп толықтырылып, БЖ-ның бір ғана құрамды бөлігі болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды жинақтап қорытуда, біз ұсынған басқару жүйесі моделінің сипаты мен негіздемесін сызба түрінде көруге болады (1 сурет).

Олай болса, біз тағы да басқару бағытын әзірлеу мен дамудың түбегейлі жоспарын жүзеге асыруда және ПЖ-ның қызмет етуін «сенімді» қамтамасыз етуде, БЖ-ң іс-әрекетті ұйымдастыратынын, түбегейлі мақсатқа жету жетістігін қамтамасыз ететіндігін, бірақ өзі түбегейлі жоспар бола алмайтынын айта кетеміз.

Моделдеу мәселесінің ғылыми-тәжірибелік зерттеулері, жалпы білім беретін орта мектептегі БЖ-ның қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету, алынған нәтижелердің теориялық негіздемесі, біздің модельдерді басқа да

ББЖ-не таратудың талдамасы мен мектеп басшылары қызметін зерделеуде төмендегідей тұжырымдарды анықтады:

Біріншіден, қызмет ету аясы, қызмет ету сатысын тек жүйе ғана орындай алатындығын, егер де басқару тек жеке адамның мектепте тәртіпті сақтау әрекеті болып табылатын болса, онда қызмет ету боямаланып, көбіне басқару мекемесіне көрсету үшін жасандылық кейіп танытады;

Екіншіден, педагогикалық қызметтің тиімділігі, жетістікке жету мақсатының бағыты басқару жүйесі моделі авторының мектептің нақты ерекшелігін есепке ала отыра бейімделуін болжайды;


Үшіншіден, БЖ-ның тиімділігі әсер ету мен өзара іс-қимыл жасаудың түбегейлі жоспарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұл жалпы бірін-бірі толықтырулары қажет;

Төртіншіден, мектепте басқару жүйесінің моделін әзірлеудің үлкен ғылыми-тәжірибелік маңызы бар. Дәлел үшін, белгілі қазақстандық ғалым Т.Т.Ғалиевтің пікірінен дәйексөз келтірсек: *«Басқару жүйесі моделінің қалыптасу үрдісі мен тәжірибе жүзінде іске асырылуының аз зерттелгендігі тек әдіснамалық негізде ғана көрініс тауып қоймай, сонымен қатар, басқарудың тиімділігінен де көрінеді. Сондықтан тұтастай басқару жүйесінің біріктірілген моделін жобалаудан бастаған тиімді...»* [2, 190. Б].

II. WEB – ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ (ҚОСЫМШАЛАРДЫ) ЖОБАЛАУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Интернет желісін ақпаратты тасымалдау ортасы ретінде кеңінен қолдану және Internet-технологиялардың дамуы қолданушыларға ақпаратпен тікелей қосылу режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік World Wide Web (“әлемдік өрмек”) технологиясы пайда болды.[5]. Web жүйесіне қосылғаннан кейін әрбір қолданушы желідегі кез келген мәліметті басқалармен бірдей пайдалану құқығына ие болады. Бұл, соңғы кезде Web-қосымшаларды жасаудың көбеюіне себеп болуда. World Wide Web технологиясы қолданушының ғаламдық желіге қосылуына және арнайы утилиталар арқылы ақпаратты қарап шығуға мүмкіндік береді. Дегенмен, мұндай жүйені құру үшін оның жұмысын қамтамасыз ететін қосымша модульдерді жасау қажет болады.

Қазіргі кезде таратылған объекттер үлгісіне негізделген клиент-серверлік жүйелер кеңінен қолданылады. Таратылған объекттер технологиясы бойынша құрылған жүйе бір-бірімен әрекеттесетін компоненттер жиынынан тұрады. "Клиент-сервер" архитектурасы желіде өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың жалпы қағидаларын анықтайды. Онда *сервер* – кейбір спецификалық функцияларды (сервистерді) атқарады, ал *клиент* – осы функциялардың тұтынушылары болады. Таратылған объекттердің үлгісі келесі суретте көрсетілген [4]:




1 сурет - Таратылған объекттердің үлгісі

Таратылған объекттер технологиясын қолдану объектті-бағытталған тәсілдің барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді. Оларға келесілерді жатқызуға болады:

- ✓ жасау уақытын қысқарту;
- ✓ қателіктер санын азайту;
- ✓ программалық компоненттерді қайтадан қолдану;
- ✓ жүйенің болашақ өзгерісі жеңілдетіледі.

Бұл жүйенің тағы бір артықшылығы “жіңішке” клиенттерді пайдалану мүмкіндігі болып табылады. Таратылған жүйеде ақпараттық жүйенің барлық функционалдық логикасын оның серверлік бөлігіне көшіру мүмкіндігі бар. Бұл кезде клиенттің қосымшалары кішігірім түрде жасалуы мүмкін. Жіңішке клиент сұраныстары тек қана серверде орындалады да қолданушыға нәтиже HTML-құжат түрінде көрсетіледі. Қолданушының жүйелік ресурстары анағұрлым еркін түрде болады, ал функционалдық логика қуатты сервермен (немесе серверлер желісімен) іске асырылады. Жіңішке клиент жұмысы үшін web-браузердің қосылуын қамтамасыз ету жеткілікті және Web-браузер терезесінде барлық амалдар орындалады. Сондықтан Web-браузерді жиі жағдайда «*әмбебап клиент*» деп те атайды.


CGI (Comman Gateway Interface) технологиясының пайда болуымен қолданушының енгізілген ақпаратты өңдеп, нәтижесінде қалыптастырылған HTML-бетті қайтаратын программалармен интерактивті әрекеттесу мүмкіндігі пайда болды және мұндай программалардың барлығы мәліметтер базаларын (МБ) қолданады (2-сурет) [5]:



2- Сурет. Сервер мен CGI-модулінің әрекеттесу сұлбасы

Клиенттің интернет бетіне қаратпа жасауы http-хаттамасын қолдану арқылы негізінен GET және POST тәсілдерімен жасалады. Осылайша, PHP, Perl және тағы басқа тілдерге негізделген тәсілдерді қолданғанда қолданушының сұранысын өңдеу және нәтижені қалыптастыру CGI программасында жасалады [6].

Web – қосымшалар негізінде жұмыс істейтін программалық қамтаманың (схема) құрылымы келесі суретте көрсетілген (3-сурет).



3-сурет. Web-қосымшаның жұмыс істеу сұлбасы

Программалық қамтамасыздандыру келесілерден тұрады: жұмыс нәтижелерін экранға шығаруға арналған Web-браузер; мәліметтерді тасымалдау функциясын іске асыратын Web-сервер; қосымшада қолданылатын мәліметтерді сақтауға арналған мәліметтер базасын басқару жүйесі (МББЖ). Осылайша, Web-қосымшаның жұмыс істеуі келесідей болады: қолданушы веб-браузер арқылы сайтқа сұраныс береді. Сайт бетіне сұраныс жасаған кезде Web-серверге қаратпа жасалады. Ары қарай программа орындалып МББЖ-мен әрекеттесу жасалады. Web-сервер МББЖ-ға сұраныс жібереді, одан кейін сұраныс орындалады да МББЖ Web-серверге жауап

қайтарады. Содан соң Web-сервер интернет беттің мазмұны мен HTML-кодын қалыптастырып қолданушыға жібереді [7, 8].

Web-қосымшалар клиент-серверлік қосымша болғандықтан жүйелік ресурстарды қолдану еншісі маңызды. Жіңішке клиентті қолдану тек қана қалыптастырылған HTML-күжаттарды бейнелеу және қолданушымен енгізілген мәліметтерді тасымалдауды білдіреді. Өнімділік қолданылатын программалық құралдарға, МББЖ-ға сұраныстардың қарқындылығына, МББЖ типіне, трансляторға байланысты болады. Жіңішке клиент технологиясын қолданғанда сервердің өнімділігі маңыздырақ, өйткені қосымшаның мәліметтері серверге бағытталған болуы мүмкін. Сондықтан, веб-қосымшаларды жасау кезінде қолданылатын технологияларға және қолданыстағы интернет-технологияларға анализ жасау нәтижелері ретінде қойылған мақсаттарға жету үшін белгілі технологиялардың комбинациясын қолдану қажет болады. Осыны ескеріп клиент-серверлік әрекеттесудің әртүрлі технологияларын зерттеу қажет. Мысалы, арнайы программалық қамтамасыздандыруды қолданып шапшаңдық сияқты қосымшаның маңызды сипаттамаларының бірі бағаланады. Бұл бағытта әртүрлі сұраныстар тәсілдерін және HTTP (GET және POST тәсілдері) және SOAP қолданбалы деңгей протоколдарын қолданып функционалдың орындалу жылдамдығы зерттелді. Функционалдың орындалу уақытын есептеу үшін браузердің плагині қолданылды. Жоғарыда айтылғандарды ескеріп интернет-дүкен мысалында веб-технологиялар негізінде интерактивті жүйелерді жасауға арналған программалық кешен жасалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Басқару жүйесінің моделін әзірлеу басқару жүйені құруға, тиімділігін арттыру мен дамытуға бағытталған.

Идеологиялық негіз құзырлы басқару болып табылады – басшы педагогикалық қызметтің мақсатын біледі, стратегияларды анықтауға және ғылыми негізделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға дайын. БЖ моделінің технологиялық негізін жасау – жүйені жобалау немесе жүйелі жобалау болып табылады. БЖ-ны дамыту білім сапасының жоғарғы деңгейін қамтамасыз етеді, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған сұлба бойынша веб-қосымшаларды құрудың түбегейлі ерекшеліктері алгоритмдік бөлік пен МББЖ-ға, сондай ақ олардың әрекеттесуіне қатысты болуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мильнер Б.З. Теория организации. - М.: ИНФРА-М. 1998. -336 бет.
2. Галлиев Т.Т. Системный подход к интенсификации учебного процесса (для технических специальностей вуза). // Диссертация д.п.н. Караганда. 2002. -305 бет.
3. Козлов С. Технологии web-программирования.
4. <http://www.javaportal.ru/articles/www/www.html>.

5. Булах Е.В. Средства доступа к базам данных на стороне сервера.
6. Семенов Ю.А. Cloud computing.
7. Колисниченко Д.Н. PHP 5/6 и MySQL 6. Разработка Web-приложений. – СПб: БХВ-Петербург, 2011. – 528 бет.
8. Будилов В.А. PHP 5. СПб.: БХВ-Петербург, 2005. – 240 бет.

Самыкжанова Р. Б.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Алматы Технологиялық университеті

БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЙЕСІ

«Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек»

Ж.Аймауытов

Бұл күні күдіретті күш –білім екені белгілі. Жас мемлекетіміздің болашағы - бүгінгі оқушылар. Оларға талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Дәстүрлі сыныптық – сабақ жүйесінің барлық элементтерінің және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, оқытушы келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемалық оқыту, оқу-зерттеу жұмысын ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар. Осы технологиялардың ішінде ойын технологиясының алатын орны ерекше. Ойын технологиясы дидактика саласында маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Адамзат ойынның білімдік құндылығын ертеден дәлелдеді. Айталық, ерте замандардағы эллиндік және римдік халықтар

✓ ойынды балаларды тәрбиелеу құралы етіп, жауынгер ұландарды дайындау мақсатында қолданған.

✓ Ойындар арқылы жас ұрпаққа соғыс өнерін үйретіп, мәдениет пен сөз өнерін дарытқан.

✓ Ойындардың жастарды тәрбиелеу мүмкіншіліктерінің зор екендігіне жете мән берген.

Ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын іс-әрекетінің әлеуметтік жақтарын анықтап, оның баланың қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру

барысындағы ойындар жатады.

Адамның ойын әрекеті негізгі үш түрлі даму деңгейлерінен тұрады:

- ✓ кәсіптік ойындар;
- ✓ әуестену ойындары;
- ✓ оқу-жаттығу ойындары.

Ойын оқыту үдерісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады.

Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады:

- ✓ ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі;
- ✓ адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін

жинақтаудың қажеттілігі.

Ойын - балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

✓ Болжамы: егер сабақ барысында ойын технологиясын ұтымды пайдалансақ, білім алушының пәнге деген қызығушылығының артатынына, сөздік қорының молаютынына көз жеткізе аламыз.

Ойынға оқыту әдісі ретінде сипаттама беру, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу сабақтарында ойын элементтерін қолдануды үлгілеу. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды оқытушы мен білім алушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, кәсіби қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Ойынның мақсаты - бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті - баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

білім алушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беру, қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы ұпайды есептеу; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу. Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Ойын элементтердің мәні - ойын барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабы. Қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойлау

қабілеттерін дамытады. Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді, іздендіреді. Ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдалануға болады. Оның біріншісі – оқушылардың сабақта қызығушылығын, ынтасын арттыру; екіншісі – оқушыларды тапқырлыққа баулап, зейінін, байқампыздығын арттыру және ойлау қабілетін дамыту. Сабақтың үстінде ойынды қолдану мынандай негізгі шарттарға жүгінеді:

- Ойын білім алушылардың алдына тапсырма ретінде қойылады;
1. білім алушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады;
 2. Оқу материалы ойын құралы ретінде қолданылады;
 3. Оқу нәтижесінде ойын жұмыс элементі ретінде кіреді.

Осындай дайындық кезінде оқытушы сабақты ойын элементтерін қолдану үшін мына мәселелерді ескертуі тиіс:

Ойын мақсаты:

Білімділік: білім алушыларды грамматикалық және лексикалық тақырыпты игеруге үйрету.

Дамытушылық :

а) білім алушының іскерліктерін шыңдау;

ә) Логикалық ойлау дағдыларын дамыту;

Тәрбиелік :

а) Коммуникативті біліктерін дамыту.

ә) Адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу;

б) Жеңе білуге, жеңіле білуге үйрету. Балаларды, ең алдымен, кешегі өзі мен ертеңгі өзін салыстырып, өз жалқаулығын жеңуге шақыру;

в) білім алушының іскерлік дағдыны игеруі;

г) білім алушылардың белсенділігін арттыру;

Сабақта орынды қолданылатын ойын элементтері оқушының ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді. Ойын барысында орындалатын дидактикалық материалдар білім алушыларға ыңғайлы, түсінікті болса, ойын нәтижелі болды. Тіл үйрету барысында әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлесу үлгілерін қолданған дұрыс. Ойын арқылы оқушының бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады. Нашар оқитын оқушылардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігерімен араласатыны анық. Адам тәжірибесіндегі кең таралған дамыту ойынының қызметі: ойынға тарту, ширату және, ең бастысы, қызығушылығын тудырту. Ойын кезіндегі көтеріңкі көңіл-күй, өзара түсіністік, достық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін оқытушы әр ойынға қатысушының мінез-құлқын, темпераментін, жинақылығын, ұстамдылығын ескеруі керек. Ойынның мазмұны қатысушылар үшін қызықты және ойын соңында нәтижесі анық көрінетіндей, маңызды құндылықтарын сезінетіндей болуы тиіс. Әр баланың ойын әрекеті сабақ кезінде алған білімдері мен білік-дағдыларына негізделеді, ол әрекеттер күнделікті әсерлі шешімдер қабылдауға, өздерін және қоршаған орта мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуге тәрбиелейді.

Оқытушы кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы

керек. Сонымен бірге оқытушы ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарын біліп орындауы тиіс.

Ол әдістемелік тұрғыдан алғанда мынадай бөліктерден тұрады:

1. Ойынның өтілетін сабақтың мазмұны мен тақырыбына сай болуы.
2. Ойынға берілген уақытты нақты белгілеу.
3. Ойынның ойналу түрін анықтау, мысалы: топ болып ойнау, жұптасып ойнау және т.б.
4. Ойынға қажетті материалдарды түгел дайындау.
5. Ойында қолданылатын лексикалық минимумды анықтау.
6. Ойындардың өту барысының жоспарын жасау.

Білім алушылар мен оқытушының ойынға ынтасы болған жағдайда ғана, ойын жүруі мүмкін. Ешқандай ойынды формалды ойнауға болмайды. Әрбір дидактикалық ойынға, бір жағынан дидактикалық жаттығуларды орындау тән, мысалы: грамматикалық ұғымға немесе құбылысқа жалпы сипат беру, олардың ерекшеліктерін табу сияқты жұмыстар, оқушыларды ұқсастықты, айырмашылықты табуға, байқауға баулиды. Бұл мағынадағы ойындардың үйрету қасиеті бар.

Дидактикалық ойындар байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Оның мақсаты: жаңаша білім беру мазмұнына көшу, нақты іс-әрекет жүргізу, ізденушілікпен жұмыс істейтін оқушы тәрбиелеу.

Міндеттері: білім алушының қызығушылығын арттыру, іскерлік ойындар ұйымдастыру, теория мен практиканы ұштастыру.

Бұл жерде оқытушының іс-әрекеті: оқушыларды бақылайды, бақылау нәтижелерін өңдейді, алған нәтижелерді хабарлайды. Білім алушының іс-әрекеті: оқуға оң көзқарас, жаңаны танып білу, икемділік дағдыларын игеру, өз жетістіктерін өздері бақылау.

Іскерлік ойындардың құрылымы: талдауға проблема беру, оқушыларды топқа бөлу, проблеманы талдау, топ алдында шешімін айту.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуді оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді:

1. Құжат атауларын жаттауда.
2. Құжаттарда жиі қолданылатын деректемелерді орналастыру тәртібін пысықтағанда.
3. Қызмет барысында ресми тілде сөйлесу дағдыларын алуда.
4. Құжаттардың мазмұнымен танысуда.
5. Білім алушының ойын дамытуда, дұрыс жазу, айту дағдыларын қалыптастыруда.

Сабақ үстінде оқушы ойынды ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді (аудармаларымен) жаттайды. Сюжетті суреттер арқылы сөйлемдер құрастыру, сергіту ойындары, жұмбақ, алфавиттік жұмбақтар, метаграмма, анаграмма, кроссворд құраумен байланысты ойындар ұйымдастырылады. Мәселен, “Түлектер жәрменкесі” ойынының мақсаты: “Мамандық” тақырыбын пысықтау, ойыншыларды өз бетімен еңбектенуге

дағдылдандыру.

“Кім жылдам ойнайды?” ойыны.

Ойынның мақсаты: білім алушыларды құжаттардың қазақша атауларын дұрыс айта білуге және есте сақтауға үйрету.

Ойынға керекті заттар: құжаттардың атауы жазылған плакаттар.

Сөз құрамы тақырыбын жүргізгенде *«Сақина салу»* қазақтың ұлттық ойынын ойнатуға болады. Бұл ойынның шарты: жүргізуші бір деректемені дауыстап айтады да, сақина салады, сақина кімге түсті сол оқушы «анықтамасын береді» - дейді. Ойыншы жауапты уақытында айта алмай қалса, онда ортаға шығып, дауыстап айтылған сөздерді тақтаға жазады. «Ғажайып алаң» ойынының элементтері сабақты жандандыра түседі. Сондай-ақ суреттермен жұмыс жақсы нәтиже береді, мысалы: суретке қарап, қандай жағдай, іс-шара бейнеленгенін әңгімелеу тапсырылуы мүмкін (мысалы, жиналыс, отырыс т.б.).

«Оқытушы қай жерде қателесті?» ойынын жүргізуге болады. Бұл ойынның шарты: оқытушы тақтаға шектеу белгісіне мысал жазады, ал білім алушылардың мақсаты шектеу белгісі болмай тұрған сөзді, сөз тіркесін табу. Рөлдік ойындар-тіл дамыту құралы. Бұл - тілді үйрену процесіндегі ең белсенді әдістемелік тәсілдерінің бірі. Оны тиімді қолдана білген ұстаз оқушыларға білім мен тәрбие беруде табысқа жетеді, сол арқылы шәкірттерінің бойында ойын өзгеге өз бетінше жеткізу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға, монолог түріндегі ойын дамытуға, диалогтық қарым-қатынас негізінде сөйлеу тілін бағыттауға ықпал етеді.

Рөлдік ойын оқыту мақсатында қолданылатын, сөзге араласу жағдайын ұйымдастыратын құрал десек те болады. Оған өзара рөлдерді және ойындық көріністерді бөліп алып, соған сәйкес оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы ұйымдастырылған әңгімесі жатады. Мысалы: «Бағдарламашының бір жұмыс күні ойыны» тақырыбындағы рөлдік ойын. Бұл ойын өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге негізделген. Оқу үдерісі негізінде оқушының коммуникативтік қабілетін дамытуда ойын элементтерін пайдалану топпен және жеке немесе жұппен жұмыс істеу арқылы оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін анықтау, зейінділігін қадағалау, өз білім деңгейіне өзі баға беруіне көмектеседі.

Қазақ тілін оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жанашыл педагогтар еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін, зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі - ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігі байқалады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседі бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов. Соңғы жылдардағы зерттеулер адамдар естіген ақпараттың 20%-ын, көзбен көрген ақпараттың 30%-ын және бір сәтте көрген және естіген ақпараттың 50%-ын меңгеретінін көрсетті. Сол себепті мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу сабақтарына ойын элементтерін енгізе отырып, көрнекіліктерді қолдану арқылы нәтижеге жетуге болады. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу

сабағына ойын элементтерін енгізу не береді, қорытындылап көрейікші:

Оқушылар үшін :

1. Қызығушылық және уәждеме артады;
2. Әр оқушы жұмысқа тартылады;
3. Ақпараттар ағымымен жұмыс істеу дағдылары пайда болады;
4. Көру арқылы есте сақтау және эмоциялық қабылдаудың белсенділігі артады;
5. Өздігінен шешім қабылдау дағдылары пайда болады.
6. Материалды игертуге уақыт үнемделеді.

Оқытушы үшін:

1. Оқу материалы жүйеленеді;
2. Саралап оқыту жетілдіріледі;
3. Тақырып бойынша қосымша материалды игерту мүмкіндігі пайда болады;
4. Психикалық және эмоциялық тұрғыдан түсетін күш кемиді.

Қорыта келгенде, ойын – оқыту әдістерінің бір түрі. Адам баласы ойын арқылы өсіп өркендеген. Ойын технологиясының оқытушыға берері мол. Сондықтан да мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу сабағында ой белсенділігін арттыру үшін ойын элементтерін пайдалану керек.

Наурузбаева Ж. А.

Т.Рысқұлов атындағы ЖЭУ-дің
Экономикалық колледжінің
тарих пәнінің оқытушысы,
мәдениеттану ғылымының магистрі

МУЛЬТИМӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Мультимәдениет жалпы алғанда мәдениеттердің бірігуі немесе көптүрлігі. Ең алғаш мультимәдениет ХХ ғасырдағы Америкада етек алған әйгілі «Құйма қазан» концепциясына жауап ретінде пайда болды. Швейцариядағы саясатты сипаттау мақсатымен «мультимәдениет» 1957 жылы ғана толық ұғым ретінде қалыптасты. Мультимәдениет саясатының негізінде, БАҚ-тың қолдауымен, үкімет иммигранттардың ұлттық болмысын, тілдік, мәдени, діни ерекшеліктерін сақтап қалу мақсатымен әр түрлі жұмыстар жасауда. Жаппай иммиграцияланумен қатар мультимәдениет саясаты мемлекетте сол ұлтқа жатпайтын және бәсекелес болатын үлкен этникалық топтардың қалыптасуына әкеледі. Мультимәдениет саясатының міндетті шарттарының бірі байырғы халық ішінде шыдамдылықты насихаттау қолданылу аясын кеңейту.

Бүгінгі таңда мультимәдениет тақырыбында көптеген шетелдік, ресейлік ғалымдар зерттеулер жүргізуде. Соның ішінде Қазақстандық ғалымдар да өз үлестерін қосуда. Отандық пен шетелдік ұстанымдардың ұқсастығы-бұл көптеген сарапшылар мен ғалымдардың мәдениеттің алуан түрлілігін, оның ерекшеліктерін, жаһандану шартындағы көкейтесті

мәселелерін зерттеудің өзектілігін мойындауында. Американдық теоретик Н. Глейзер айтуы бойынша мультимәдениет тақырыбын қазіргі таңда көптеп зерттелуде. Себебі дүние жүзіндегі халықтардың бір-бірімен тығыз байланыста болуында[1].

Ең алғаш компьютерлердің пакеттік жүйесін құруды қолға алған - ARPA (Advanced Research Projects Agency Network) агенттігі. Интернеттің алғашқы аты да сәйкесінше ARPANet болатын. АҚШ Қорғаныс Министрлігінің басқаруындағы бұл мекеменің алдында қорғаныс саласында жұмыс істейтін зерттеу ұйымдарын біріктіріп, олардың қызметін бақылайтын және үйлестіріп отыратын сенімді компьютерлік жүйені дүниеге әкелу міндеті қойылған еді. Бұл арнадағы ізденістер 1969 жылы өзінің жеңісті мәресіне жетті. Алғашында жүйе Калифорния (University of California, Los Angeles, UCLA) мен Стенфорд (Stanford University) университеттері арасында орнатылды. Көп ұзамай, кішігірім жүйеге Санта-Барбара (University of California, Santa Barbara, LA) және Солт Лейк Сити (University of Utah, Salt Lake City) университеттері де қосылады. Ал 1972 жылы электронды пошта дүниеге келеді.

Алғашында тек салалық қолданыста ғана болған Интернеттің кейін қандай ғаламдық жүйеге айналатынын тап басып болжаған ешкім болған жоқ. Алайда американ әлеуметтанушысы Маршалл Маклюэн (Marshall McLuen, 1911-1980) өзінің «Гутенберг Галактикасы» (The Gutenberg Galaxy, 1962), «Медианы түсіну» (Understanding Media, 1964) атты еңбектерінде бүкіл әлемді тоғыстыратын бір жүйенің дүниеге келуінің алғышарттарын тұжырымдап кеткен болатын. Маклюэн өмірін технологияның бұқара мәдениеті мен

адамдар қарым-қатынасына тигізетін әсері мен ықпалын зерттеуге арнаған ғалым. 1964 жылғы еңбегінде ол технологиялық дамудың нәтижесінде болашақта «глобалдық деревнялар» пайда болады деген. Мұндай мекендерде шалғай жерлерде орналасқан адамдар тобы ешқандай кедергісіз, орталықтағыдай ақпарат алуына мүмкіндігі болады – делінген кітапта.

Ол кезде телевизия пайда болып, негізгі ақпарат көзіне айнала бастағандықтан, Маклюэн еңбектерімен танысқандар оны теледидардың болашағы туралы айтып отыр деп ойлады, алайда қазіргі заман көзқарасымен оқыса, «Understanding Media» кітабында сөз болғаны – Интернет ғаламдық жүйесі еді.

Шындығында да, қазіргі уақытта Интернет – ешбір мемлекетаралық шекараларды мойындамайтын дербес бір әлемге, «глобалдық деревняға» айналып отыр. Компьютердің қай мемлекет аумағында орналасқандығынан хабар беретін тек домен ғана. Ал ең алғашында әлемтордағы домендер саны саусақпен санарлықтай ғана еді. Олардың барлығы тек АҚШ аумағында қолдану үшін ойлап табылған.

- .edu (education) – университеттер және т.б. оқу орындарының жүйесі;
- .com (commercial) – коммерциялық ұйымдардың жүйесі;
- .gov (government) – үкіметтік және мемлекеттік ұйымдар жүйесі;
- .mil (military) – АҚШ Қорғаныс Министрлігінің жүйесі;
- .org (organization) – түрлі қоғамдық ұйымдардың жүйесі;
- .net (network) – телекоммуникация операторларының жүйесі.

Қазіргі уақытта саяси, әлеуметтік жағдай өзгерді. Бұл домендер қазір АҚШ меншігі емес, Бірінші Деңгейдегі Ұлттық домендер (Top-Level National Domains, TLDs) тобын құрайды. Ал Екінші деңгейдегі топқа мемлекеттердің географиялық домендері кіреді (қараңыз: қосымша). Әлемторда Қазақстан .kz доменімен таныстырылған. Совет Үкіметі кезіндегі домен - .su (Soviet Union), 19.09. 1990 жылы InterNIC (International Network Information Center) базасында тіркеліп, Бірінші Деңгейдегі топқа кіретін. Кеңес Одағы тараған соң, 1992 жылы дүниеге .ru домені келеді. Ал 19.09.94 жылы IANA (Internet Assigned Numbers Authority) мәліметтер жинағында .kz домені алғаш рет тіркеледі. Қазіргі уақытта барлық сайттарды тіркеп, статистика жүргізетін бірден-бір «орган» - 1999 жылы қыркүйекте Әділет Министрлігі тіркеген KazNIC коммерциялық емес ұйымы. Соңғы мәліметтер бойынша, KazNIC-те 3000-ға тарта қазақстандық сайт тіркеулі.

Интернеттену кезеңі түрлі елдерде түрліше жүрді. Процесті сипаттаған кезде байқалған үрдіс – интернет дамыған елдерден дамушы елдерге қарай тарағандығы. Сонымен қатар, интернеттің даму-дамымауы нақты мемлекеттің саяси ұстанымы мен менталитетіне де тікелей байланыстылығы байқалған. 1998 жылы ең компьютерлендірілген елдер бестігіне АҚШ (1000 адамға – 520 компьютерден), Финляндия (490), Швеция (480), Дания (350) және Ұлыбритания (280) кіретін. Сондықтан Интернет-журналистиканың да осы аталған елдерде қалыптасуы да заңды болса керек.

Ең алғаш жүйелік басылымдар шыға бастағанда кейбір мамандар бұл жаңалықтың дәстүрлі басылымдардың беделіне қауіп төндіреді деген

пікірлерін де жасырмады. 1996 ж. АҚШ-та «online режимінде жұмыс істейтін дәстүрлі БАҚ-ң электронды нұсқасын жасау қаншалықты тиімді болады?» деген сұрау жүргізген еді. Сонда респонденттердің 45%-ы оның сәтті болатынына күмән келтіріп, тіпті ондай жағдай әдеттегі газет-журналдар беделінің өсуіне кедергі болады деп жауап берген. Ал басқа 44%-ы керісінше, ондай үрдіс өте тиімді болады деген пікір білдірген.

Тампере Университетінің (Финляндия) ғалымы, электронды журналистикаға арналған көптеген мақалалардың авторы Ари Хейнонен өзінің «Жүйедегі журналистика туралы баяндамалар» (1998 ж.) атты кітабында: «Қазіргі уақытта дәстүрлі газет-журналдар алдында бір-ақ таңдау бар. Ол – жүйеге көшу немесе біржола жабылу» - деп «кесіп» айтады.

Алайда, осы салада маманданған тағы бір финн зерттеушісі Микко Кивилуото «Жүйе – қарақшы емес» атты мақаласында мұндай қауіптің негізсіз, әрі ондай мәжбүрлік туып отырған жоқ деген пікірін айтады. Кивилуотонның зерттеулерінің нәтижесі бойынша, жағдай мүлдем басқаша: оқырмандар бұрынғысынша дәстүрлі басылымдарды оқиды, ал электрондық сипаттағы нұсқаларын тек қызықтау үшін қарайды екен.

ТМД аймағында Интернет тұрақты қарқынмен дамып отырғанмен, шын мәніндегі БАҚ сипатына саятын сайттар кейінірек, шамамен 1995 жылы пайда болған. Д.В.Смирнов өзінің аталған еңбегінде Ресей Интернетінің хронологиясын 1995 жылдан бастап жасағанын былай деп түсіндіреді: «1995 жылға дейін Ресейдегі интернетті бар дегеннен гөрі жоқ деуге болатын еді. Ал бар дегеннің өзінде, ондағы дүниелердің саны мен сапасы БАҚ демек түгіл сайт деген сипат беру қиын соғатын. Сонымен бірге оның пайдаланушылары тым аз болғандықтан, интернеттің бұқаралық сипатын да жоққа шығаруға тура келеді».

Әлемторда таныстырылған елдердің барлығының Ресей интернеті сияқты тарихы бай деу артық болады. ТМД мемлекеттерінің ішінде интернет қолдау тауып, аса дамыған деп Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина және Беларусьті атауға болады [2, 64].

Қазақстандық интернеттің «туған күні» қашан деген сұрақтың екі жауабы бар. Біріншісі – 1991 жылдың сәуір айында. Сол жылы «Парасат» фирмасы базасында RELCOM жүйесінің Қазақстандағы алғашқы аймақтық торабы ашылған болатын. Бұл торап UUCP протоколы бойынша электрондық пошта қызметін көрсететін. Ал екінші туған күні – Казнеттің дүниеге келген 1994 жыл, қыркүйек айының 19-ы – осы күні алғаш рет KZ домені тіркелген еді. Сол жылдың аяғында қазақстандық сайттардың саны 15- ке жетеді. Олардың қандай сипатта болғаны туралы мәліметтер, адрестері қазіргі уақытта нақты сақталмаған.

С. Дуванов өзінің «WEB-журналистика: опасные тенденции» атты мақаласында Қазақстандағы интернет-журналистиканың қалыптасуына басты себеп болған 1996 жылғы негативті саяси процестер – деп атап көрсетеді [2, 64].

Содан бері отандық Интернет желісінде әр түрлі тақырыпты, мысалы, ірі компаниялар, мекемелер, облыстық-қалалық әкімдіктерден бастап, елдегі

спорт, мәдениет, тарих, жаңалықтарды т.б. қамтыған сайттардың қатары біртіндеп көбеюде.

Мәселен, 1997 жылы қазақстандық футбол мен шайбалы хоккейге арналған тұңғыш спорттық сайт дүниеге келді. 1998 жылдың 30 қыркүйегінде Алматыдағы Орталық әмбебап дүкенінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық концерттен республикамызда Интернеттің көмегімен тұңғыш аудиовизуалды трансляция жүзеге асты.

Сапа жағынан сөз болатын мәселелер отандық Интернеттегі дизайн, көркемдік, мазмұндық безендіру, сайттың жалпы өзінің қабілеті мен қажеттілігі, әсіресе, оның бизнес ретінде өз-өзін пайдалана алуы турасында айтылып қалып жүр. Мысалы, безендірілуі мен тұтынушыға қызмет көрсетуі жағынан ішінара отандық сайттардың шетелдік сайттармен әлдеқайда салыстыруға келмейтін тұстары бар екені шындық. Мұнда сайттардағы қазақ тілінің үлесі мен жалпы қазақ тілі қаріптерінің оқылу-оқылмауы өз алдына жеке тақырып.

Біріншіден, веб-дизайнерлік сала енді ғана даму үстінде.

Екіншіден, сайттардағы қызмет көрсету – «Интернет-бизнес» түрі ретінде пайдалану әлсіз күйде келеді. Мүмкін, халық бұл сервис түріне әлі дайын емес шығар. Яғни шет мемлекеттердегідей, үйде отырып-ақ «ғаламтордан» түрлі дүкендерді аралап, қалаған дүниеге тапсырыс беретін дегендей... Бірақ, ішінара кейбір сайттарда жарнама арқылы табыс табу бар. Бұл да бір «интернет-бизнес». Мәселен, алматылық Дәурен есімді студент өз блогын ашқан және оны бүгінде бизнес көзі ретінде пайдалануда, өз блогынан табыс тауып отыр.

Үшіншіден, кез келген тақырыпта мағлұмат алудың өзі қиынның қиыны.

Қазіргі таңда, бұқаралық ақпарат құралдары аудиторияны тығыз байланыста ұстап, оларды өз ісіне тарту, шығармашылыққа баулу, ақпарат жинауға қарапайым тұрғындардың араласуына жағдай жасауда. Азаматтық журналистика туралы бүгінде әртүрлі анықтамалар бар. Әлемтордағы ашық энциклопедия «Википедияға» сүйенсек, азаматтық журналистика - ақпарат жинауда, есеп беруде, сараптама жасауда және жаңалық таратуда белсенді рөл атқарады. Азаматтық журналистика – БАҚ арқылы ақпарат тарату үздіксіз процесін қарқынды етуге көмектеседі. Журналистиканың бұқара ортасына жетіп, онымен тығыз жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, азаматтардың өз проблемаларына көзқарасын анықтайтын, мәселені шешудің оңтайлы жолдарын бірігіп іздестіретін тиімді фактор.

Ал, «Лос-Анжелес таймс» газетінің Вашингтондағы бюросының жетекшісі, Жак Нелсон «Азаматтық журналистика дегеніміз - қоғамдағы күрделі мәселелерді шешуге қатардағы азаматтарды қатыстыруға әрекеттену»-десе, Миннесота штатындағы қоғамдық телевизияның атқарушы директоры Билл Ханлэйдің пікірінше «белгілі мәселеге түсіністікпен қарап, оның шешімін табу жолдарын азаматтар мен журналистердің бірлесіп іздестіруі». Олай болса, азаматтық журналистиканы қоғамдық ой-пікірге әсер ететін құбылыс деп тануға болады.

«Online Journalism Review» атты мақаласында Джей Ди Лассика азаматтық журналистиканы БАҚ-тың құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, былайша сараптайды:

1) аудиторияның қатысуы (мысалы, интернеттегі мақалаға қосылған оқырманның пікірі, вебкүнделіктер, ұялы телефондардағы камераға түсірілген бейне, аудио файлдар, жергілікті тұрғындардың жаңалықтары);

2) тәуелсіз жаңалықтар мен ақпараттық сайттар;

3) жаңалық жариялайтын сайттардың интернет пайдаланушыларды ақпарат жинауға қатыстыру;

4) жеке сайттар;

Ақпараттық технологиялар маманы, журналист, әрі блоггер Дэн Гиллмор бүгінгі азаматтық журналистиканың теориясын жасағандардың бірі деп айтуға болады. Ол коммерциялық емес «Азаматтық БАҚ Орталығын» құрған және өзінің «Біз және медиа» атты кітабында: «Азаматтық журналистика - бұл адамзат үшін адамдар қолымен жасалынған журналистика» деп жазады.

Азаматтық журналистиканың қазіргі заманғы формасының бірі – интернет журналистика оның құрамдас бөлігі әртүрлі деңгейдегі сайттар, блог, моблогтар және т.б. Әлемтор пайдаланушысына, кәдімгі оқырманға, сайт ашып, блог жүргізіп, моблог қызметіне сүйену еш қиындық туғызбайды, оның үстіне қазір тегін тұғырнамалық қызметтер де аз емес.

Интернет саннан сапа категориясына өткелі, кеңжолақты, шектеусіз болғаннан кейін, 2005 жылдан бастап фото, видео, аудио ақпаратпен алмасатын сайттар пайда болды (мысалы, «You Tube», «Flickr», «My space» т.б.). Дәл сол кезде, әлемтордың жаңа версиясы WEB 2.0. туралы айтыла бастады. Блоггерлер өзі қызықтыратын немесе зерттейтін салада материал жариялайды. Интернеттегі жаңалықтар ТВ және радиодан да жеделдігімен ерекшеленіп отыр. Қазіргі таңда блог әлеміндегі біреудің видеосы немесе басқа да файлдардың авторларына сілтеме жасап, жариялай беруге болады, мұнда ешқандай заң бұзушылық жоқ.

2006 жылдың 13-14 қыркүйегінде Алматы қаласында «Қазақстанда азаматтық журналистиканы дамыту және сөз бостандығын жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстелде «Neweurasia» блогының негізін қалаушы, әрі редакторы Бенжамин Паарман: «Блог арқылы адамдар бірлесіп, көздеген мақсатына жетеді немесе қарама-қарсы көзқарастарды диаметрлі түрде салыстырады. Мемлекеттің тәуелсіз БАҚ-тары аз болатын жағдайда блогтар үлкен рөл атқара алады. Блогтағы ақпарат оқиға ортасынан алынады және қосымша ақпарат көзі болып табылады» - деп тұжырымдама жасаған.

Сонымен, әуелде азаматтық журналистика дегенді біз журналистер мен оқырман, тыңдарман, көрермен көмегімен пайда болған туынды немесе журналистердің оқырманмен санасып, оларды толғандыратын мәселелердің мәнісін ашу деп түсіндік. Бүгінде азаматтық журналистикаға кез-келген адам дәстүрлі БАҚ-тан тәуелсіз өз үлесін қоса алады, әрі журналист үшін альтернативті ақпарат көзіне айналып, жаңа медиа механизмінің элементі, қажетті бөлшегі ретінде қызмет атқара алатынын көріп отырмыз. Бұған

біріншіден үздіксіз ақпарат толқыны мен жаңа технологиялардың дамуы себепкер болды.

Социализм кезінде де азаматтық журналистиканың көріністері болғанның жоққа шығара алмаймыз. Кеңестік газеттер редакция мен азаматтар арасындағы байланысты нығайтуға айтарлықтай көңіл бөлді. Әр редакцияда хат бөлімдері жұмыс істеп, авторларды газет жұмысына кеңінен тартып отырды.

Тәуелсіз мемлекетімізде демократиялық үрдістердің қанат жаюын бұқаралық ақпарат құралдарының - блог қызметінен айқын көруге болады. Елімізде қазақ тілді блогтар саны ай сайын көбеюде. Ең алғашқы қазақ тілді блог қашан және қалай пайда болғаны туралы айту қиын. Бірақ олардың шежіресін түзгенде тек қана Қазақстан аумағында ғана емес, шет елде тұрып жатқан қазақ блоггерлерінің веб күнделіктерін де естен шығармау қажет.

Блогтар түрлі тақырыпта, түрлі көлемде, болуына қарамастан, олардың басым бөлігіне тән мынадай ортақ сипаттар бар:

- соңғы хабарламалар беттің басында орналасқан, яғни кері хронологиялық рет қалыптасқан;
- бұрынғы хабарламаларды қарауға мүмкіндік беретін мұрағаттың болуы;
- енгізілген хабарламалар бойынша оқырманның пікір білдіруіне арналған бөліктері бар;
- «blogroll» (сілтемелер тізімі) деп аталатын өзге сайттарға сілтемелер көрсетілуі;
- пайдаланушылардың блогқа «жазылуына» мүмкіндік беретін ақпарат синдикациясының ыңғайлылығы;
- көбінесе мәтіндер, кейде сурет, сонымен қатар дыбыстық және бейнефайлдардың болуы;
- оқырмандар пікір жаза алады;
- архивтелінеді, мәтінді әрқашан ашып көруге болады;

Блог мазмұнының әртүрлілігі дәстүрлі БАҚ-ты салаларға бөлу заңдылығымен ұқсас. Мысалы экономика туралы жазатын, білікті блоггер ресейлік «Ведомости» немесе қазақстандық «Континент» басылымдары сияқты үлкен қаржылық, инвестициялық тақырыптарды қозғай алады. Сол сияқты дін тақырыбына жақын блоггер тек қана дінге қатысты жазбаларды жариялауы мүмкін. Негізінен, салалық басылымдардың артықшылығы – белгілі бір аудитория үшін жұмыс жасайды, оқырман саны тұрақты, және ақпарат жүйеленген. Соңғы кезде, экономика, қоғаммен байланыс (PR), ақпараттық технологиялар (IT), саясат, экология, спорт және діни саладағы блогтар үлкен сұранысқа ие.

Қазіргі таңда блог әлемінде ең көп тарағаны -мәтіндік блогтар ондағы жазбалар өте маңызды немесе ешкімге қажет емес, көлемі қысқа, немесе ұзын болуы мүмкін. Блогты қандай ақпаратпен толтыратыны - әр блоггердің жеке шаруасы. Ел президенттерінің Интернет-күнделіктері блог әлеміндегі жаңа бағыт. Мұндай блогтардың негізгі идеясы – халыққа жақын болу. Мысалы, Иран президенті Махмуд Ахмади Нижат «Mahmoud Ahmadinejad's Personal

Мemos» атты блогын 2006 жылы ашқан. Бұл интернет-күнделік төрт тілде жүргізіледі. Блог жазбалардың біреуі бірінші жақтан жазылған автобиографиядан құрылған [2, 64].

Мультимедианың негізгі түрлері:

ВИДЕО. Видео арқылы жасауға болатын мультимедиалық өнімнің түрлері:

- Орын алған оқиғаның панорамалық көрінісі
- Оқиға куәгерлерінің немесе арнайы мамандардың пікірі
- Мәселеге қатысты тұрғындардың пікірі
- Мұрағаттағы видео
- Классикалық ТВ жаңалығы

ИНФОГРАФИКА (ақпараттық графика)

Инфографика мәтінге қарағанда күрделі ақпаратты жылдам әрі жақсы түсіндіреді.

Инфографика төмендегідей міндеттерді жақсы атқарады:

- қандай да бір тенденцияны көрсету (болашақтағысы немесе өткені)
- қандай да бір жұмыстың алгоритмі

ФОТО. Оқиға туралы әңгіме

- оқиғаның қалай өрбігенін баяндайтын фоторепортаж, (жиі қолданылады)
- фотоэссе, мәселенің эмоционалды қырын көрсету үшін қолданылады
- оқиға өзге жерлерде қалай көрініс тапқанын көрсету үшін қолданылады
- оқиғаға қатысушылардың суреттерін көрсету
- мұрағат суреттері
- қарама-қайшы сурет. Мысалы, оқиғаға дейінгі және кейінгі сурет.

АУДИО. Жиі қолданылмайды

- Өзге қаладан, шетелден арнайы сарапшының пікірін алу керек болған кезде
- Видео түсіре алмайтындай мүмкіндік туындағанда
- Нақтылы оқиғаға орай туындаған қажеттілігі

Мәтін мультимедианың ең маңызды бөлігі – сараптаманы жеткізетін болса, аудио мен видео адамның эмоциясын, оқиғаның шиеленіскен тұсын жақсы жеткізе алады. Сондықтан да мультимедиа журналисі оқиғаны баяндағанда қай құралды тиімді пайдалануға болатынын алдын ала жоспарлағаны дұрыс.

Мультимедиа ойландудың басты мақсаты - мүмкіндігінше мультимедиалық өнімдердің бірнеше түрін қолдануға тырысуды бағдарлау. Бірақ іс жүзінде екі-үшеуімен шектеліп қалуыңыз мүмкін (мысалы: мәтін-видео-инфографика, мәтін-видео-фото, мәтін- инфографика) [3, 26-29].

Ғылымның өзара сабақтастығы мен ақпараттық технологияның дамуы бұл сөзді медиа саласына да қолданысқа енгізді. Нәтижесінде «converged

journalism» деген ұғым қалыптасты, алайда «converged journalist» (конвергентті журналист) деген тіркестің орнына «мультимедиа журналисі» деп қолданылады. Себебі, конвергенция құбылысты түсіндірсе, мультимедиа журналистің осы құбылыс аясындағы ерекшелігін танытады. Ең бастысы – «конвергентті» сөзі «мультимедиа» деген сөздің мағынасын бермейтінін есте ұстағанымыз дұрыс. Өйткені, «конвергентті журналистика» – әртүрлі ақпарат арнасынан келген жаңалықтың, оқиғаның бір арнаға тоғысуы деп түсініледі. Алайда, мультимедиалық журналистика үнемі конвергентті болмауы мүмкін.

Шетелде, әсіресе Америка ғалымдары медиаконвергенцияны журналистік конвергенциядан бөліп қарастырады. Себебі медиа деген ұғымға ақпарат тарататын алаңның бәрі кіреді.

Америка ғалымы Ричард Гордон медиаконвергенцияның бес түрлі қыры бар деген пікірін ортаға салды. Олар: иелілік, әдіс, құрылым, ақпаратты жинау және ақпаратты түсіндіру. Гордонның конвергенцияның көпқырлы екенін дәлелдеуінен оны ұзақ бір процесс ретінде қарастырып отырғанын байқаймыз. Конвергенцияға қатысты батыс ғалымдары арасында кең таралған келесі бір анықтама Ларри Дейли тобынан шығып отыр. Дейли бастаған ғалымдар да медиадағы конвергенцияны бірнеше сатылы процесс деп ұғады. Бұл процеске ақпаратты баяндаудың біркелкі таралуы, жарысуы, контентті бөлісуі, ең соңында шынайы конвергенциялануы кіреді дейді.

Медиадағы конвергенция құбылысын зерттеп жүрген ғалымдардың дені конвергенция бірінші кезекте технологияға байланысты деп бір келісімге келген. Мәселен, Роберт Бурнет пен Давид Маршал өздерінің «Ғаламтор теориясы» атты еңбегінде Интернеттегі конвергенцияны: «медиа, телекоммуникация және электронды есептегіш құралдардың бірігіп, мәлімет алмасатын барлық коммуникация түрлерінің цифрлік жүйеге көшуі» деп қарастырған.

Сонымен конвергентті журналистика интернеттің дамуымен байланысты, яғни ақпаратты жеткізу жылдамдығына үлкен өзгеріс енген дәуірде туындап отыр. Себебі бұған дейінгі медиа түрлері ақпаратты жеткізу жылдамдығына орай жіктелген еді.

Бүгінгі заманда кең қолданысқа енген теледидар, телефон, смартфон және әлеуметтік желі тәрізді медиа түрлерінің қалыптасуына зер салсақ, медиадағы конвергенция шиыршық тәрізді бірнеше орамдардан тұратынын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. *Мультимедиалық журналистика*. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 15б.
2. «Интернет журналистика» пәнінің оқу-әдістемелік материалдары. – Семей, 2013. - №4 басылым. – 64б.
3. *Мультимедиа анықтамалығы*. – Астана: «Қазконтент» АҚ, 2013. – 26-29 б.

Жақсылықбаева Р. С.
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті

«ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Журналистік әдеп журналист қызметінің ең басты шарттарының бірі болып табылады. Мұнсыз баспасөздің де, журналистің де беделі болмас еді. Журналистің кәсіптік әдебін терең біліп, жан-жақты түсіну, оны зерттеу, әсіресе, біздің Қазақстан журналистикасы үшін зәру мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені, бұл – енді ғана назар аударыла бастағаны болмаса, әлі ғылыми тұрғыдан да, кәсіптік шеберлікке қатысты да байыптап үлгірмеген тың да күрделі мәселе. Сондықтан, этика мәселесі – журналистердің басты назарында болатын тақырыптардың бірі.

«Журналист этикасы» пәні журналистика факультетінің бакалавриат бөлімінің 2-курсына 3-семестрде оқытылады.

«Журналист этикасы» пәнін студенттерге оқытудағы негізгі мақсат: әрбір студент этика, эстетика ғылымдарын терең меңгере отырып, кәсіби журналистің әдебі мен моральдық-этикалық міндеттерін, журналистік этиканың құқықтық негіздерін қызмет бабы барысында жете тануы шарт. Сонымен қатар, студенттер әдеп әлемі тарихынан да жан-жақты мағлұмат алып, теориялық білімдерін кәсіби тәжірибе негізінде өмірде қолдана алатын болуы керек. Қызмет барысында алған білімдерін толық пайдалана отырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіре түсетін болуы шарт. Аталған курста осы мақсат басты назарда болуы қажет.

Пәнді оқып-үйренудің негізінде студенттер мыналарды білуге тиіс:

- Журналист этикасының табиғаты мен ғылыми сипатын, негізгі құрылымын айқындау;
- Әдеп әлемі тарихын адамзат мәдениетімен ұштастыра отырып, бүгінгі күнмен сабақтастыру;
- Шығармашылық мәдениетті кәсіби шеберлік арқылы шыңдау;
- Журналистік шеберлікті этика теориясының заң, ережесімен байланыстыру;
- Журналистік жауапкершілік – этикалық жауапкершілік тұрғысында шыңдалу мектебін қалыптастыру;
- Журналистің кәсіби этикасының ережелері мен әдеп-нормаларын сақтай отырып, журналистік шығармашылықта көрсете білуі тиіс.

«Журналист этикасы» пәні әрбір журналистің жүріс-тұрыс, яғни жеке басының әдебі, қызмет бабы немесе кәсіптік әдебі тұрғысында бірнеше мәселелерді қамтып, нақтылай түседі.

Курсты оқыту барысында:

- теориялық тұрғыда журналист этикасының зерттелу табиғаты мен ғылыми сипатын, негізгі құрылымын айқындау;
- журналист этикасына баға берген зерттеуші ғалымдар тұжырымдарына сүйену;

- әрбір студентке журналистің кәсіби әдебінің қыр-сырын оқыту;
- журналист әдебіне қойылатын талаптар мен міндеттерді айқындау;
- журналист этикасының даму жолдарын айқын меңгеруі қажет.

Оқытудың мазмұнын қарастыратын басты мәселелерге мыналар жатады: теорияларда берілген оқу материалының мазмұны студент психологиясына әсері, оқытудағы әдіс-тәсілдердің оқу материалына сай ерекше болуы, оқытудың тиімділігі, білім беру арқылы студенттің тұлғалық және дара ерекшеліктерін дамыту т.с.с.

1. Жалпы оқу пәні бойынша сабақты жоспарлау және ұйымдастыру.
2. Оқытудың міндеттерін құра білу.
3. Түсіндіру, меңгеру және бақылау міндеттерін реттеу.
4. Дәрісті ұйымдастырудың және оқытудың белсенді әдістерін меңгеру.

Ең алдымен, әрбір дәріс мәтінінің мазмұны мен сапасына көңіл аударуымыз шарт. Ол үшін дәріс мәтінін үш шартта дайындауымызға болады, мәселен:

- **негізгі** (терминдер, олардың анықтамалары, негізгі деректер, құбылыстар, оқиғалар; заңдар, теориялар, т.б.);
- **қосымша** (күжаттар, хрестоматиялық және анықтамалық материалдар, өмірнама деректері, статистика мәліметтері, т.с.с.);
- **түсініктеме** (ескертулер, сөздіктер, т.б.)

Айталық, алғашқы дәрісте этика терминінің мәні мен мазмұнын, ойшыл ғалымдардың этика тарихы жөніндегі теориялық пікірлерін саралап өтеміз. Этиканың зерттеу нысанасы мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты зерттеген Әл-Фараби ілімін нақты мысалдар арқылы ұғындырамыз.

Одан кейінгі дәрістерімізде дәстүрлі ұлттық құндылықтардың дамуы мен қалыптасуына негіз болатын салдарларды, этикет ұғымына анықтама, ұлттық тәрбиеге негізделген хадистердің мәні мен мазмұнын, эстетикалық талғам мен танымды жан-жақты аша отырып, тұжырымды ойларымызды нақты фактілер арқылы дәйектейміз. **Осы тұста түсіндіру, меңгеру және бақылау міндеттерін алдыңғы орынға қоямыз.**

Студенттердің үлгерімін бағалау олардың білім, іскерлік, дағдыларын тиімді игерудің критерилеріне сай жүргізіледі.

Дәріске қойылатын талаптарды атап өтсек:

1. Әрбір дәрісте білім беру, даму және тәрбиелеу мақсаттарының бірлігі сақталуы керек.
2. Студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыра білуге ынталандыру, теориялық қорытындыларды өз бетінше тұжырымдау дағдысын қалыптастыру қажет.
3. Дәрістің барлық кезеңінде студенттердің танымдық қызметін жандандыру мақсатында оқытудың әр алуан әдіс-тәсілдерін пайдалану. Мәселен, студенттер сергек болуы үшін дәріс эмоционалды болуы керек, бұл – олардың белсенділігін арттыру тәсілдің бірі.
4. Әрбір дәрісте студенттердің білімін үздіксіз есепке алу жүргізілуі керек. Оқыту процесі кез-келген дәрісте тұрақты кері байланыс болған жағдайда

тиімді болады. Дәрістің әрбір кезеңінде оқытушы студенттің оқу материалын игеру деңгейін біліп отыруы керек, өйткені, осы деңгейдің үнемі өсіп отыруына жағдай туғызуы керек. Сондықтан, студенттердің білімін бақылаудың әр алуан түрлерін пайдалану керек. Осы мақсатта әр түрлі компьютерлік бағдарламаларды, жазбаша тапсырмаларды, сауалнамаларды, психологиялық тренингтерді, түрлі ойын түрлерін пайдалануға болады. Бұл әдіс білімді тексерудің нәтижесін бірден алуға мүмкіндік береді. Бұл тұста ең бастысы, әр оқытушыда студенттің дәрістегі танымдық қызметінің нәтижесін бағалау үшін байқағыштық қасиеті жақсы дамуы керек.

Лекция – жалпы түрде білім негізін алудың өте үнемді тәсілі. Егер де лекция мұқият тыңдалып, түсіндірілсе, студенттің ойлау іс-әрекетінің белсенділігін арттырады. Сондықтан, лектордың міндеті – студенттердің назарын белсенді дамыту.

Соңғы уақытта студенттердің лекторды еркін таңдап алу тенденциясы белең алды, мұның өзі лекторлық шеберлік проблемасын маңыздандыра түседі. Өзінің құрылымына байланысты лекциялар әртүрлі болады. Бәрі де баяндалатын материалдың мазмұны мен өзгешелігіне байланысты.

Лекторлық шеберлігі: пәнді білуді, эмоционалдығы, дауыс, дикция, ораторлық шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, сыртқы пішіні, контакт орнату қабілеті.

Сабақ сапасын арттыру барлық оқытушыларды толғандыратын маңызды мәселе. Бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақты өткізудің стандарты. Күн сайын өтетін, тіпті тамаша көрнекіліктер арқылы болса да, жаңа дәрісті түсіндіру, үй тапсырмасын сұрау және қорытындылау сияқты жаттанды кезеңдерден тұратын классикалық немесе дәстүрлі сабақ студенттерді жалықтырады, білімге ынтасын төмендетері сөзсіз. Сондықтан, әр оқытушы өз жұмысында дәрісті жандандырудың әдіс-тәсілдерін іздестіруді, бұған студенттерді тарта білуді, олардың белсенді шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыра білуі міндет. Бірақ, бұдан жаңа әдіс-тәсілдер дәстүрлі сабақтарды толық алмастыруы керек деген ой тумауы керек. Олар дәстүрлі сабақтарды толықтырып, жандандыра түсуі, студенттің білімге қызығуын арттыруы тиіс, сонда ғана оқу үрдісі жетілдіріле түседі.

Студенттердің өз бетінше білім алуына оны іс жүзінде пайдалануына, ізденіске, талабын ұштауға және білім деңгейін жетілдіріп, жаңғыртуға ықпал жасау қажет. Студенттердің шығармашылық қабілетін, бастамашылдығын, өз бетінше әрекеттенуін, тапқырлығын, әсершілдігін дамыту керек. Қазіргі заманның мамандары дүние танымы кең, жан-жақты жетілген, өмірлік белсенді ұстанымы бар азамат болуы тиіс. Студенттердің шығармашылық қабілеті мен белсенді ой еңбегін дамытуды ұйымдастыру оқу үрдісінде жаңа құралдар мен әдістемелерді енгізуді қажет етеді.

Кутпанбаева Ж.Б.
Ассистент
КазНУ имени аль-Фараби

МАССОВАЯ КУЛЬТУРА В ОБЩЕСТВЕННОМ СОЗНАНИИ

Понятие «массовая культура» является основополагающим во всех концептуальных исследованиях. Многие культурологи, философы и медиаследователи обращались к поиску ее сути и выдвигали собственные концепции. Необходимо в ряду таких исследований выделить книгу «Диалектика просвещения», европейских авторов Т. Адорно и М. Хоркхаймера, которые представили ее в форме сравнения с поточно-конвейрным производством. Одним из выведенных им постулатов стало предложение им «деградационное снижение» всеобщего уровня. Ведь даже в условиях прогресса есть всегда тоталитарно воздействие власти как формы управления и направления, которое может выражаться в форме экономического, политического и рыночного влияния.

Немецкие философы оценили принцип «давать то, что хочет публика». И таким образом индустрия культуры становится консолидированным объединением сверху. [1]. Более того, индустрия культуры – это такая идеологическая сила, которая, действуя в виде общедоступного средства общения и развлечения и выступая под невинным названием «масс-медиа», в действительности является выражением невиданной концентрации политической и экономической власти: «Клиент здесь – это совсем не король, во что хотела бы вас заставить поверить индустрия культуры, это не субъект ее, а объект. Слово «масс-медиа», вошедшее в употребление для обозначения культурной индустрии, придает ей безвредный вид. В действительности же дело здесь не в массах, которым якобы отводится главная роль, и не в технике коммуникации как таковой... Массы – это не мера, а идеология индустрии культуры». И в этой связи приведем кульминационный вывод: «Суммарный результат воздействия индустрии культуры – антипросвещение» [2].

Внешне вполне демократичное правило «Давать то, что хочет публика» на самом деле скрывает неравноправный характер отношений между коммуникатором и аудиторией. Для представителей индустрии культуры массовое сознание – это территория, для завоевания которой все средства могут быть хороши. Неудивительно, что в рамках этих отношений наиболее приемлемой как для коммуникатора, так и для массовой аудитории формой коммуникации зачастую становятся развлечения. Наделение живых людей умственным развитием манекенов, подмена проблемного (то есть всего того, что предполагает самостоятельное, независимое и восходящее мышление) занимательным – вот смысл управленческого воздействия индустрии культуры на сознание массовых аудиторий с помощью «развлечений».

Фактически вся массовая культура, поп-культура служит инструментом вытеснения смысложизненных проблем, экзистенциальной тревоги. Милан Кундера в своем знаменитом романе «Невыносимая легкость бытия» дал рассуждение о том, что собой представляет кич и кичевое сознание [3]. Это такая картина мира, говорит М. Кундера, из которой исключено все дискомфортное, а все, что нарушает светлое гармоничное мироощущение, просто объявляется несуществующим. Это и есть кичевое сознание. Вся наша жизнь – это борьба позитивной жизненной философии с кичевой философией, борьба за целостность жизни, за то, чтобы принять в картину мира, в том числе и то, что вызывает тревогу, вызывает дискомфорт, являясь неотъемлемой стороной нашей жизни. Стоит в этой связи вспомнить формулу Канта: делай, что должно и будь что будет. Всегда есть зазор между реальными результатами и нашими целями, но, тем не менее, наша задача – принимать эту непредсказуемость и быть открытым тем возможностям, которые возникают в жизни. Однако СМИ управляют и манипулируют этими вопросами в угоду собственных рейтингов и своих тиражей. Действительно, для современного человека является большим духовным трудом открыть для себя и своей души том произведений Ф.М. Достоевского, чтобы окунуться в экзистенциальные страдания героев романа и тем самым стать духовно богаче, но не составляет никакого труда, нажать кнопку пульта управления телевизором и окунуть в себя незатейливый видеоклип. Массовая культура развлекает и не предполагает духовного труда. Здесь и находится выбор человека – выбор в получении самого легкого пути получения духовной информации. В связи с этим, рассмотрим типичный пример из современной прессы Казахстана. В газете «Время» в статье «Понты на районе» автора Ксении Евдокименко, герой материала – начинающий певец-рэпер декларирует свои кичевые нормы поведения в обществе, в которых между коммуникатором и аудиторией отсутствует мораль, а ее место заменяется аморальным поведением. Вот пример такой подмены логических смыслов из статьи: «...У каждого человека своя категория крутости. В моем понимании сейчас крутизной является откровенность. Конечно, если надо будет Родину защитить – без вопросов, но вообще я сторонник сексуальных подвигов...». Юный горе-артист считает комплиментом услышать в свой адрес определение «террорист», так он говорит: «...Гораздо хуже, когда тебя называют ботаником, который сидит дома и плачет, глядя на фотографию любимой девушки, которую у тебя увел мажор» [4]. Перед нами яркий и чудовищный пример примитивного кичевого сознания молодого человека, отрицающего смысложизненную философию существования человека и заменяющего ее животными инстинктами. Но с таких позиций незрелой личности, он не создаст свой собственный жизненный мир, не найдет пути к себе. Самое главное содержание, которое заключается в понятии жизненного мира, состоит в том, что в каждый данный момент времени, в каждой данной ситуации человек противостоит не данной конкретной ситуации и не среде, его окружающей, а всему миру в целом. Резюмировать данные сентенции

можно высказыванием В. Франкла: «когда человек хочет прийти к себе, найти верный путь, то однозначно его путь будет лежать через этот мир» [5].

Британский писатель Джордж Оруэлл в своем знаменитом романе «1984», указывал, что появление современных средств коммуникации позволили активнее воздействовать на общественное мнение. Конечно, английский писатель XX века несколько преувеличил, так как роман относится к жанру фантастики, но доля правды в его высказывании, несомненно, присутствует. Действительно, непрерывный информационный коннект с действительностью, социальной средой уже стали составляющими повседневной жизни современного человека. Однако все меньше информации, необходимой для своего социального поведения и жизни в обществе, он может получить, основываясь только на своем повседневном опыте. Зато его мировоззрение, установки и ролевые модели поведения определяет та информация, которую он черпает из газет, журналов, ТВ и РВ, а изобретение интернета фактически «окунуло» человечество в «информационный котел». Люди не расстаются с современными гаджетами (айфонами, планшетами), позволяющими постоянно находиться на связи с миром и самому предоставлять информацию в он-лайн режиме о происходящем с человеком и вокруг него.

Как отмечают многие исследователи, современный человек в своей повседневной жизни все больше зависит от массовой коммуникации, которая создает для него своего рода «вторую реальность», «субъективную реальность», значение которой не менее значимо, чем влияние объективной реальности.

Этот факт многократно становится важным по той причине, что наше казахстанское общество, вслед за цивилизованным миром, входит через научно-техническую революцию в эпоху информационного общества, где особое место будут занимать многообразные средства воздействия на потребителя по всем каналам средств массовой коммуникации.

Интересные статистические данные о работе средств массовой коммуникации в США приводят американские исследователи Э. Аронсон и Э.Р. Пратканис. В США распространение информации является индустрией с оборотом более чем 400 млрд. долларов в год. В стране действуют 1449 телевизионных станций и 4 основных телесети, ведут вещание 10379 радиостанций, выпускаются 1509 ежедневных и 7047 еженедельных газет, более 17000 журналов, работает 9 больших киностудий. Каждый год среднестатистический американец 1550 часов смотрит телевизор, 1160 часов слушает радио. Типичный американец смотрит телевизор 30 часов в неделю. За год он смотрит 38 тысяч рекламных объявлений. Ежедневно за американцем охотятся 18 млрд. журнальных и газетных объявлений, 2,6 млн. рекламных радиопередач, 300 тыс. рекламных телепередач. Жители США составляют 6% населения планеты, но при этом они потребляют 57% мировой рекламы [6].

Коммуникационная насыщенность привела к тому, что информацией пропитаны все уровни социального взаимодействия – от межличностного

общения до массовой коммуникации. И именно такие воздействия на личность, на человека, позволяют осуществлять все формы информационно-психологического воздействия, конвертируясь в широкомасштабные явления политики, экономики и социума.

Массовое применение манипулятивного воздействия приводит к тому, что гражданин социально дезориентируется, может накопиться социальная, психологическая и поведенческая напряженность, которая со временем может в виде фильтров исказить восприятие окружающего мира, посылов, исходящих от власти, субъектов гражданского общества. Избирательные политические кампании в современном обществе указывают на одну общую примечательность, которая состоит в том, что они беспрецедентно используют государственные и коммерческие СМИ, в том числе телевизионные каналы, периодическую печать, радио, Internet и другие агитационно-пропагандистские технологии. Они все больше ориентируются на достижение высокой внушаемости, максимальное использование психологических факторов воздействия на сознательный и бессознательный уровни индивидуальной и массовой психики. В них все более весомое место сегодня занимает пропаганда.

Слово «пропаганда» имеет относительно недавнее происхождение. Первое документальное подтверждение использования данного термина относится к 1622 году, когда папа Григорий 15-тый понял безнадежность попытки восстановления веры силой оружия и учредил папскую пропаганду как средство координации усилий, направленных на «добровольное» принятие людьми доктрин церкви. Термин «пропаганда» получил широкое распространение в начале XX века, когда его стали применять для описания тактики убеждения, использовавшейся в ходе Первой мировой войны. «Понятие «пропаганда», – пишут Э. Аронсон и Э.Р. Пратканис, – именно с того времени стало означать массовое «внушение» или же осуществление манипуляции психологией индивидуума. Пропаганда охватывает многие уровни, используя образы, слоганы, клише, зачастую играя на различных эмоциях индивида, а конечным результатом ее будет, обычно, «добровольный» приход к пропагандируемой точке зрения.

Но не всякое убеждение – пропаганда, считают они. Классические теории риторики древних греков и римлян высоко ценили рассуждения, которые проливали свет на ту проблему, которую следует разрешить. Конечным результатом споров, дебатов, обсуждений было постижение истины. «Цель современной пропаганды все чаще состоит не в том, чтобы информировать и просвещать человека, а скорее в том, чтобы подталкивать массы к желательной позиции или точке зрения».

Как отличить пропаганду от честного убеждения, побуждающего к размышлению и дискуссии? Американские исследователи в этих целях предлагают задаться следующими вопросами: «1) Стимулирует ли коммуникация к размышлениям о рассматриваемых проблемах или она отсекает мышление и играет на предрассудках? 2) Как коммуникатор использует эмоции? Типичный пропагандист, не разбираясь в средствах,

беспринципно играет на ощущениях ненадежности и небезопасности или эксплуатирует самые темные страхи и предлагает фальшивую надежду» [6].

Могущество современных СМИ заключается в их комплексности, системности, масштабности и целенаправленности, что связано со следующими причинами.

Во-первых, их содержание – продукт труда профессиональных журналистов, прошедшими соответствующую подготовку и ориентирующимся на особенности восприятия той или иной информации. Применение всех механизмов воздействия на психику людей позволяет во многом предвосхитить необходимую реакцию аудитории. Во-вторых, канал и время ее распространения, а также другие особенности «доставки» адресату не являются «случайными», они тщательно продумываются и просчитываются. В-третьих, коммуникатор, имеющий цель получить нужный результат, готовится к общению, чтобы вызвать у аудитории симпатию, желание слушать (смотреть, читать) именно его, а не другого человека. В-четвертых, есть масса приемов (начиная от подпорогового влияния на психику и кончая эксплуатацией базовых потребностей индивида), использование которых фактически «притягивает» человека к коммуникатору, заставляет его проникнуться предлагаемой информацией.

Из всех видов СМИ как орудия воздействия на массовое сознание приоритет сегодня отдан телевидению по ряду причин. Оно действительно наиболее влиятельное в настоящее время средство массовой коммуникации. Недаром в периоды избирательных кампаний даже далекий от политики обыватель убеждается в истинности высказывания: «Кому принадлежит телевидение – тому принадлежит и власть в стране». Особую ценность для политических деятелей телевидение приобрело в связи с его способностью буквально на глазах у телезрителей «делать» перспективных кандидатов на выборные посты из малоизвестных до тех пор или вовсе неизвестных стране фигур, прибегая по мере необходимости к услугам ставших пользоваться широким спросом специалистов в области телевизионной политической рекламы, ораторского мастерства и даже телевизионного грима. И именно телевидению принадлежит «заслуга» в выявлении одной из уникальных особенностей политической жизни, заключающейся в том, что люди без послужного списка зачастую оказываются более привлекательными для избирателей, чем люди, обладающие таким послужным списком. До изобретения телевидения человек, не пользующийся известностью, вообще не мог баллотироваться в парламент или в президенты, поскольку он не мог получить выхода на широкие массы. В условиях существования телевидения он может стать известным за очень короткое время, особенно если он хорошо смотрится на телеэкране, может появляться одновременно по всей общенациональной радио- и телесети в наиболее выгодное для него вечернее время, обеспечивающее огромные аудитории слушателей и зрителей, т. е. перед миллионной национальной аудиторией. Однако на телевидение нельзя рассчитывать, если нужно внушить какие-либо идеи. Любая попытка передать с помощью телевидения какую-то сумму суждений, то есть произнести быстро

своего рода монолог, наталкивается на то, что подобный монолог оказывается не услышанным, – во всяком случае, его не слушают. Этот феномен получил даже своего рода наименование – «туннель». Журналисты видят свою задачу в том, чтобы безжалостно прерывать политического деятеля, роющего такой туннель, ибо без этого многие телезрители начинают «гулять по эфиру», то есть искать по другим каналам более привлекательные программы. Телевидение использует иные приемы: эмоции, энтузиазм, доверительность личных контактов, иногда показ насилия и почти всегда – драматизацию событий. В такой ситуации любая политическая мысль должна быть передана при помощи примеров и сжата в символы.

Литература

1. Апель К.-О. Трансформация философии. Пер. с нем. - М.: Логос, 2001.
2. Американская социологическая мысль: тексты. Под ред. В.И. Добренькова. - М.: МГУ, 1994.
3. Антипов Г.А., Донских О.А., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст
4. Апель К.-О. Трансформация философии. Пер. с нем. - М.: Логос, 2001.
5. Американская социологическая мысль: тексты. Под ред. В.И. Добренькова. - М.: МГУ, 1994.
6. Антипов Г.А., Донских О.А., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст

МАЗМҰНЫ

Султанбаева Г.С. КАРАВАН МЕДИАГРАМОТНОСТИ ЮНЕСКО
Барлыбаева С.Х. МЕТОДИКА ПОДГОТОВКИ АУДИОВИЗУАЛЬНЫХ
ЖУРНАЛИСТОВ

Велитченко С.Н. КОНВЕРГЕНТНАЯ МОДЕЛЬ ОБУЧЕНИЯ
ЖУРНАЛИСТОВ В ЭПОХУ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА

Нода Л.П. МЕДИАПОТРЕБНОСТИ АУДИТОРИИ И НОВЫЕ
НАПРАВЛЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ КАДРОВ СМИ

Қабылғазина К. ҚАЗҰУ ИМИДЖІНЕ САЙ БІЛІМ БЕРУ ТӘСІЛДЕРІ

Комекова С. О., Нарсеитова Ф.С. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНДЕГІ WEB-СЕРВИСТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Самыкжанова Р. Б. БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОЗЫҚ
ТӘЖІРИБЕ ЖҮЙЕСІ

Наурузбаева Ж. А. МУЛЬТИМӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Снадинова Б.А., Давлетбаева Р.К. ПРОФЕССИОНАЛЬНО-
ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В
ТЕХНИЧЕСКОМ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Құрманбаева А. А. ЭКОМӘДЕНИЕТ

Алимжанова А.Б. МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ
ЖОЛДАРЫ

Жақсылықбаева Р. С. «ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ
ҮРДІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Кутпанбаева Ж.Б. МАССОВАЯ КУЛЬТУРА В ОБЩЕСТВЕННОМ
СОЗНАНИИ